

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ

**Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясы**

**«ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ
САРАЛАУДЫҢ ӨЗЕКТІ ПРОБЛЕМАЛАРЫ»
ПӘНІ БОЙЫНША**

ЕСЕПТЕР ЖИНАҒЫ

ҚАРАҒАНДЫ – 2021

АВТОРЛЫҚ ҰЖЫМ: Қылмыстық құқық және криминология кафедрасының доценті Балгожина М.Е., кафедра оқытушысы Нұрахметова А.М.

ШКІР ЖАЗҒАНДАР:

Заң ғылымдарының кандидаты Д.К. Райбаев

Заң ғылымдарының кандидаты, доцент Б.У. Сейтхожин

Магистранттар мен докторанттар үшін «Қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралаудың өзекті проблемалары» пәні бойынша есептер жинағын ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының Қылмыстық құқық және криминология кафедрасының ұжымы дайындады. Жинаққа сот-тергеу практикасынан оқу мақсатында арнайы өңделген мысалдар енгізілген. Ұсынылған тапсырмаларда нақты оқиғалар және адамдармен кез-келген ұқсастық шартты болып табылады.

Қазақстанның заң оқу орындарының магистранттарына, сондай-ақ тәжірбиедегі заңгерлерге жолданады.

Есептер жинағы академияның Оқу-әдістемелік кеңесінің отырысында талқыланған және мақұлданған 2021 жылғы «21» 01 № 5 хаттама

ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен жарияланады.

© ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2021 жыл.

АЛҒЫСӨЗ

Қазақстан Республикасының жоғары заңгерлік білім беретін оқу орындарында қылмыстық құқықты зерделеуде практикалық сабақтарға маңызды рөл беріледі. Тәжірибелік сабақтардың негізгі мақсаты-білім алушыларды сот-тергеу практикасының нақты жағдайларына қылмыстық заңды дұрыс қолдануға үйрету. Практикалық сабақтар қолданыстағы қылмыстық заңнаманы, қылмыстық құқық теориясын тереңірек меңгеруге, нақты практикалық казустарды шешу кезінде пәнді оқыту әдістемесін және өзіндік жұмыс дағдыларын қалыптастыруға ықпал етуі тиіс.

Есептер жинағын жасау кезінде авторлар Қазақстан Республикасы Конституциясының, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің ережелерін, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының түсініктемелерін, сондай-ақ қылмысқа қарсы күрес міндеттерін негізге алды. Осыған сәйкес практикалық есептер курс бағдарламасының барлық сұрақтарын қамти отырып, қолданыстағы қылмыстық заңнаманың мазмұнын неғұрлым толық көрсетіп, оны қолданудың теориясы мен практикасының неғұрлым даулы мәселелерін ескере отырып құрастырылды.

Есептерде баяндалған мән-жайлар белгіленген деп болжанады. Алайда, жеке тапсырмаларда фабула сипаттамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және осылайша жаңа, өзгертілген тапсырмалар нұсқаларын жасау да қажет.

Есептерді шешу кезінде шешімнің негізділігі мен уәждемесіне ерекше назар аудару қажет. Ол заңнамалық базаға, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының түсіндірмелеріне, қылмыстық құқықтың теориялық ережелеріне сүйенуге және онда қойылған міндеттерге ғана емес, одан тікелей туындайтын басқа да сұрақтарға жауаптарды қамтуға тиіс.

Авторлар ұсынылған тапсырмалар жинағы «Қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралаудың өзекті проблемалар» курсына оқуға қажетті көмек көрсетеді деп үміттенеді. Осы жинақ бойынша өз ескертулеріңіз бен ұсыныстарыңызды Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының қылмыстық құқық және криминология кафедрасына жіберулеріңізді сұраймыз.

ЖЕКЕ АДАМҒА ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ САРАЛАУ

1. Кизатпаева ұзақ уақыт бойы Ванесянмен азаматтық некеде тұрып келді. Кизатпаева Ванесяннан қашан заңды некеге тұратындықтарын сұраған кезде ол тікелей жауаптан жалтарып жүреді. Кизатпаева бірде азаматтық некедегі күйеуіне өзінің жүктілігі жайында айтып, Ванесяның өзіне үйленуін тездеткісі келеді. Ал Ванесян онымен некеге тұрғысы келмейді, сондай-ақ, Кизатпаевамен ортақ балаларының болуын мүлдем қаламайды. Біразақыттан соң Ванесян Кизатпаеваға тауға барып демалуды ұсынып, барған кезде Кизатпаеваны жардан құлатып жібереді. СМС жүргізу кезінде Кизатпаеваның жүкті болмағандығы анықталды.

Ванесяның әрекетін саралаңыз.

Осы жағдайда қылмыстың субъективтік жағының маңызы қандай?

Талқылау үшін басқа да нұсқаларды ұсыныңыздар.

2 Ким мен Завроди «Цветмет ЛТД»АҚ-ның құрылтайшылары болады. Олар кәсіпорынды басқару әдістемесіне қатысты жиі сөз таластырып қалатын болады. Ким Завродидің мінез-құлқын ұнатпайды және ол бірлескен кәсіпорынның толық жалғыз иесі болғысы келеді. Өз жоспарын жүзеге асыру үшін Ким бұрын әуе-десанттық әскерлерде қызмет еткен, сондай-ақ қасақана кісі өлтіргені үшін сотталған Сахаровқа келеді. Ким Сахаровқа 3 мың АҚШ доллары көлеміндегі сыйақы үшін Завродиді өлтіруді ұсынады. Сахаров ұсыныспен келіседі. 2019 жылдың 20 шілдесінде Сахаров Завродиді ол тұратын үйдің подъезінде күтеді. Завродиді үйінен шығып келе жатқанда Сахаров оны жүрек тұсы мен басынан екі рет атып жіберді. Содан кейін Сахаров подъезден шығып, аялдамаға қарай бет алды, бірақ оны Завродидің жүргізушісі байқап қалып, Сахаровты тоқтатуға тырысты. Сахаров өз кезегінде Завродидің жүргізушісіне оқ атып, ізін суытқан. Жүргізуші жедел жәрдем келгенге дейін алған жарақтан көз жұмылды. 2019 жылғы 15 тамызда құжаттарды стандартты (рейдтік) тексеру барысында Сахаровтан оқтары бар тапанша табылды. Оны ұстау кезінде ол қарулы қарсылық көрсеткен, нәтижесінде полиция сержанты Далатбаев қаза тауып, полиция старшинасы Зәкіров ауыр жараланды. Зәкіров ауыр жарақат алып жатып, Сахаровқа оқ атып, аяғын жарақаттап үлгереді.

Сипатталған оқиға қатысушыларының әрқайсысының іс-әрекетіне талдау жасаңыз.

Талқылау үшін басқа нұсқаларды құрасырыңыз.

3. Максимов өзі жұмыс істейтін кеме жөндеу зауыдының кассасынан ақша жымқыруды көздеп, осы ниетін жүзеге асыру үшін кассирді аңди бастайды. Кассадан қомақты ақшаның бар екендігіне көз жеткізген ол жұмыстан соң касса мен сейфтің кілтін өзімен бірге алып шыққан Өтегенованың ізіне түседі. Максимов Өтегеноваға шабуыл жасап, басынан жұдырығымен екі рет ұрады. Өтегенова есінен танып қалған соң Максимов

оны бұтаның арасына сүйретіп тастайды. Өтегенова есін жиып, айқайлай бастайды. Максимов таспен оның басынан ұрып, белдігімен қылқындырып өлтіреді. Өлген әйелдің қалтасынан касса мен сейфтің кілтін алған Максимов завод басқармасының ғимаратына келіп, форточка арқылы касса орналасқан ғимаратқа еніп, сосын сейф тұрған бөлмеге кіріп барлығы 500 мың теңгені жымқырып кеткен.

Максимовтың әрекетін саралаңыз.

Қылмыстық қол сұғушылық объектісін анықтаңыз.

Ауырататын мән-жайлар бар ма?

Талқылау үшін басқа да нұсқаларды ұсыныңыздар.

4. 06 қазан күні сағат 23.00 шамасында спирттік ішімдіктер ішкен соң Титов зорлау мақсатында мас болған Ю-ды салынып жатқан үйдің бірінші қабатындағы баспалдақ астына ертіп келеді. Ю-дың ерікті түрде жыныстық қатынасқа түсуден бас тартқанын көріп Титов оның бетінен қатты ұрып, мәжбүрлі түрде жыныстық қатынас жасауға тырысады. Өзі шешініп, Ю-ды шешіндіреді, алайда жәбірленуші қатты қарсылық көрсетеді. Қарсылықты басу үшін және кек алу мақсатында Титов оны қатыгездікпен ұрады: ауыр жұдырығымен, ботинка киген аяғымен денесіне шамамен 20 соққы жасап, басынан 11 рет ұрып, бас сүйегі мен бетіне және денесіне көптеген жарақаттар салады. Осы соққылардан Ю қаза табады.

Титовтың әрекетіне құқықтық баға беріңіз.

Ауырататын мән-жайлар бар ма?

Талқылау үшін басқа да нұсқаларды ұсыныңыздар.

5. Ющенко жүкті болып, өзінің жүктілігін басқалардан жасырып, ол туралы өзінің танысы Түгелбаеваға ғана айтады. Жүктілігінің сегізінші айында түн ішінде Ющенко мен Түгелбаева екеуі Ющенконы мерзімінен бұрын босандырмақ болады. Осы мақсатта Түгелбаева Ющенконың ішінен ауыр соққы жасайды. Ющенконың толғағы басталып, екі сағаттан соң ол босанады. 10 минут өткен соң бала тіршілік белгісін беруін тоқтатқан соң Түгелбаева баланың денесін шүберекке орап, көмір шұңқырына тастайды.

Ющенко мен Түгелбаев қылмыстық жауапкершілікке тартылады ма?

Талқылау үшін басқа да нұсқаларды ұсыныңыздар.

6. Коленов өгей қызы 17 жасар Маркинаны жүйелі түрде соққыға жығып, қамшымен, шалбарының белбеуімен ұрып отырған. Соңғы рет ол зардап шегушінің басынан оқтаумен ұрып, бет-әлпетіне қалпына келместей жарақат келтіріп, бір көзінен айырады. Шешесі мен өгей әкесі жұмысқа кеткен кезде жәбірленші 5 қабатта орналасқан пәтерлерінің терезесінен секіріп кетіп, қаза болады.

Қол сұғу объектісін анықтаңыз. Коленовтың әрекетіне құқықтық баға беріңіз.

Талқылау үшін басқа да нұсқаларды ұсыныңыздар.

7. Сарокин келесі жағдайларда жасалған адам өліміне кінәлі деп танылды. Сағат 23.00 шамасында Сарокин мас күйінде саяжай учаскесінде еш себепсіз Гайдаровтармен жанжалдасып, жанжал кезінде соңғысын өлтіруге оқталып, оған жақын жерден қолдан жасалған тапаншадан оқ атқан. Сонан кейін Сарокин Оразовтың саяжайына қашып кетіп, онда тапаншасын қайтадан оқтап алып, алдыңғы адам өлтіруге оқталу қылмысын жасыру мақсатында Гайдаровты өлтіріп кетеді.

Сарокиннің әрекетіне құқықтық баға беріңіз.

Талқылау үшін басқа да нұсқаларды ұсыныңыздар.

8. Дубина Алматы қаласына өзінің құрбысымен жезөкшелікпен айналысу мақсатында келді. Келген соң Рязановтың пәтерін шешеді. Рязанов Дубинаның құжаттарын алып қойып, дәрекілік танытып, оны ұрып-соғады, Дубинаның еркінен тыс сексуалдық сипаттағы әрекеттер жасайды. Өлтіремін дейтін Рязановтан үнемі қорқып, өзін қорғалмаған сезініп, қалыптасқан жағдайды үмітсіз деп есептейді.

Бір күні Дубинина мен Рязанов екеуі ғана пәтерде қалғанда Дубинина Рязановқа өзінің енді жұмыс істемейтінін және кетіп бара жатқанын айтады. Оның сөзіне Рязанов ашуланып, оны ұрып-соғып, басымен шкафқа ұрып, іш киімін жұлып алып, оның айқайларына назар аудармай, сексуалдық сипаттағы күш қолдану әрекеттерін жасаған. Дубинина ретін тауып, ас үйге жүгіріп барып, оннан асүй пышағын алып, Рязановқа кеудесінен, ішінен, қолы мен және аяғынан 26 рет ұрған. Алған соққының 16-ы Рязановтың жүрегіне, өкпесі мен бауырына тиіп, денсаулығына ауыр залал тигізеді. Алған жарақатынан Рязанов оқиға орнында көз жұмды.

Адам өлтіру құрамына және ауырлатушы мән-жайларының сипаттамасына заңды талдау жасаңыз.

Талқылау үшін басқа да нұсқаларды ұсыныңыздар.

9. Ли Мен Виталиченко арасында жанжал болып, соның нәтижесінде Виталиченконың азаматтық некедегі әйелі Устинованың көз алдында Ли Виталиченконы өлтірген. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары және сот Лидің әрекеттерін ҚР ҚК 99-бабы 2-бөлігінің 5-тармағы бойынша («аса қатыгездікпен жасалған») саралаған.

Алайда, Ли оның іс-әрекеттерінің саралануымен келіспей, Виталиченко мен Устиновтың ерлі-зайыптылар болмағанын негізге ала отырып, апелляциялық шағым берді.

Өлтіру құрамын және саралау мән-жайларының сипаттамасына заңды талдау жасаңыз. «Жақындар» санатына жататын адамдардың шеңберін көрсетіңіз (ҚР ҚПК қарастырылған «жақын туыстар» санатына сәйкес келтіріңіз). Заңды некеде тұрмайтын адамдар оларға жата ала ма? Ойыңызды негіздеңіз.

Талқылау үшін басқа да нұсқаларды ұсыныңыздар.

10. Бутузов мас боп үйіне оралады. Онымен бірге жұбайы, ұлы және келіні тұрған. Келген соң Бутузов пен оның ұлы және келіні арасында жанжал туындайды. Дене бітімі жағынан артықшылыққа ие Бутузов ұлы мен келінінің бас сүйегі мен миына жарақаттар салады. Олардың белсенді қарсылық көрсетіп, кінәлі үшін қауіп төндірмейтіндігіне қарамастан Бутузов огородтан темір алып келіп, әйелі мен келінінің көз алдында ұлының өмірлік маңызы бар органдарынан ұра бастайды, нәтижесінде ұлы сол жерде көз жұмады. Бутузов әрі қарай өз әйелінің көзінше келінінің денесінің әр түрлі бөлігінен он рет соғып, нәтижесінде ол да қайтыс болады.

Бутузов әрекеттерін саралаңыз.

Талқылау үшін басқа да нұсқаларды ұсыныңыздар.

11. Эн Нижняя көшесіндегі №12 үйде орналасқан «Рио» түнгі клубына бармақ болады, бірақ қатты мас болу салдарынан оны залға кіргізбейді. Ашуланған Эн үйіне қайтып келіп, тағы арақ ішеді, сосын түнгі сағат 2-лерде аңшылық шолақ мылтығын, қосалқы обойма және жауынгерлік гранатаны алып дискотекаға оралды. Есіне алдында «ренжіткендері» түсіп, гранатаны бір топ жастарға лақтырып, оларға аңшылық шолақ мылтығынан оқ жаудырады. Нәтижесінде түнгі клубтың ішінде төрт адам қайтыс болып, үшеуінің денсаулықтарына ауыр, екеуінің денсаулықтарына ауырлығы орташа зиян келтіріледі.

Эннің әрекеттерін саралаңыз.

Талқылау үшін басқа да нұсқаларды ұсыныңыздар.

12. Котков өз ата-анасының үйінде, мас күйінде, Володин мен Аскаррованың көз алдында ұрыс-керіс және төбелес кезінде әкесінің кеудесіне пышақ сұғып, әкесін өлтіреді. Сосын ол пышақты лақтырып жіберіп, орындыққа отырып жылайды. Мас Володин оны балағаттап, қорқыта бастайды. Котков Володиннің тез арада үйден кетуін талап етеді, алайда Володин кетпейді. Котков оған шыны банка лақтырады, банка Володиннің басына тиеді, сонда да ол отыра береді. Сосын оны итеріп шығарып, басынан балғамен бірнеше рет ұрады. Ауруханаға жеткізілгенмен Володин басына тиген ауыр соққыдан қайтыс болады.

Бұл жағдайда «екі немесе одан да көп адамды өлтіру» деген саралаушы белгіні қолдануға бола ма?

Котковтың әрекетін саралаңыз.

Талқылау үшін басқа да нұсқаларды ұсыныңыздар.

13. Каменев пен Савчук мас күйінде өзінің танысы Прохороваға келіп, үшеуі сол үйде спирттік ішімдіктер ішуді жалғастырды. Бір-біріне деген жағымсыз қарым-қатынасы бар Прохорова Каменевті «ешкі» деп атап, «әйелің өзге еркектермен қыдырады, сондықтан сен еркек емессің» дейді. Сондай-ақ, қызының өзінен тумағандығын айтады. Нәтижесінде екеуінің арасында төбелес басталып кетеді. Төбелес арасында Прохорова Каменевті итеріп қалып, ол құлап түседі. Тұрып жатып жерде жатқан балтаның басын

көзі шалып қалып, сонымен Прохорованың басынан бір қояды. Прохорова сол жерде қайтыс болады. Жасаған қылмысының ізін жасыру мақсатында Каменев пен Савчук Прохорованың денесін алып шығып, иессіз үйдің ішіне тастап, бетін тастармен жауып, оқиға болған жерден кетіп қалады.

Каменев пен Савчуктің әрекетіне құқықтық баға беріңіз.

Талқылау үшін басқа да нұсқаларды ұсыныңыздар.

14. Крымова өзінің келіні Чусовамен жек көрерлік қарым-қатынаста болғандықтан, әрқашан онымен жанжалдасып, өз ұлын жұбайына қарсы қойып отырған. Чусова кішкентайлы болған соң, Крымова ол баланы қабылдамай, керісінше «бала ұлымнан тумаған, көршіден туған» деген өсекті туысқандары мен көршілеріне таратады. Крымованың ұлы да әйеліне деген сенімін жоғалтып, жиі соққының астана алатын болған. Әбден ашынған Чусова жанжалдың бірінде баланы Крымоваға қарай лақтырып жібереді. Сәби қайтыс болады.

Чусованың жауаптылығы туралы сұрақты шешіңіздер.

Талқылауды қажет ететін басқа нұсқаларды құрастырыңыздар.

15. Жаңа жыл мерекесінің қарсаңында Үсенов өзінің танысы Рысқұловты өлтіруге бел буған. Оның себебі – Рысқұлов өлген соң, оның әйелімен көңілдес болу еді. Осындай мақсатпен Үсенов жаңа жылдық отбұрқақтар сатып алып, біреуінің ішіне қолдан жасалған снаряд орналастырған. Мереке үстінде Рысқұлов, өзінің жолдастары Смаилов, Ильясов және Турдамуловты қасына ертіп алып, балконда отбұрқақтарды атуға кіріседі. Бір сәтте қатты жарылыс болады да, оның нәтижесінде Ильясов қаза табады, ал қалғандары ауыр жарақат алады.

Үсеновтің жауаптылығы туралы сұрақты шешіңіздер.

Талқылауды қажет ететін басқа нұсқаларды құрастырыңыздар.

16. Козина күйеуіне білдірмей, Самохинмен көңілдес болу үшін жасырын кездесіп жүрген. Бірақ Козинаның күйеуі ол туралы сезіп қалады. Мамырдың 15-де Козинаның жұмыс орны - мұздатқыш цехына Самохин келеді. Сол жерге өзінің күйеуі келе жатқанын көріп қалған Козина Самохинді мұздатқыш ішіне жасырып, сыртынан бекітіп қояды. Сасқалақтаған Козина күтпеген жерден келіп қалған күйеуінің «үйге бар» деген талабын бұлжытпай орындайды. Үйге келгеннен кейін, Козина Самохинмен жасырын кездесіп жүргендігі жайлы күйеуін хабардар етеді. Ашуланған жұбайы Козинаны соққыға жығып, үйге қамап, өзі жұмысқа кетіп қалады. Ертеңінде Козина үсіп қалған Самохинді мұздатқыш ішінен табады.

Қылмыстың субъективтік жағына талдау жасаңыз.

Козинаның әрекетіне құқықтық баға беріңіз.

Талқылауды қажет ететін басқа нұсқаларды құрастырыңыздар.

17. Он екі жастағы Сашаның арқасы бүкір болған. Сашаны асырап

алған. Пак өгей ұлына жеккөрінішпен қарап, әрқашан оның кемтарлығын бетіне басқан, сондай-ақ шамалы кінәсі үшін баланы жеген асы мен жылы киімінен айырып отырған. Жасөспірім баланың өзіне-өзі қол саламын деген сөзін естіген көршілері Пакқа ол жайлы ескерткен. Мұндай ескертуге Пак «өзін-өзі өлтіруге қажет болатын пышақ, ұстара, жіп және басқа да заттарды тығып қойдым» - деп жауап қайтарған. Бірде жұмыстан келген Пак қансырап жатқан Сашаны көреді. Ол сынған шынымен өзінің күре тамырын тіліп жіберген. Пак жедел жәрдем шақырып, олар баланы өлімнен құтқарып қалған.

Пактың іс-әрекеттерінде қылмыс құрамының белгілері барма?

Осы жерде кінәнің қандай нысаны орын алған?

Талқылауды қажет ететін басқа нұсқаларды құрастырыңыздар.

18. Ташаев Мейірмановаға тұрмысқа шығу туралы ұсыныс жасап, ол келіспеген жағдайда өзін-өзі өлтіретіндігі туралы айтады. Мейірманова тұрмысқа шығудан бас тартып, Ташаевқа асылуы үшін жіп ұсынады. Сол жіпке Ташаев асылып қалады.

Мейірманованың әрекетіне құқықтық баға беріңіз.

Талқылауды қажет ететін басқа нұсқаларды құрастырыңыздар.

19. Соложенкина баладан құтылу үшін оны ішінде суы бар шелекке босаңған. Сраптама нәтижесі бойынша баланың тыныс алмағандығы анықталған.

Соложенкинаны баланы өлтіргені үшін жауаптылыққа тарта аламыз ба?

Талқылауды қажет ететін басқа нұсқаларды құрастырыңыздар.

20. Квашин қызғаныштан әйелін өлтіруге бел байлайды. Әйелін өлтіруге көмектесуі үшін ол Вугаевқа 50.000 теңге төлейді. Квашин мен Вугаев әйелді аңдып жүріп, ұстап алады. Вугаев оны ұстап тұрып, Квашин тұншықтырып, өлтіріп тастайды.

Квашин мен Вугаевтың әрекеттеріне құқықтық баға беріңіздер.

21. Масколенко Порошиннің әйелін зорлайды, оны білген Порошин Масколенконың үйіне келіп, Масколенконы, оның інісін, әке-шешесін атып тастайды.

Порошиннің әрекетін саралаңыз.

22. 28 қараша күні кешке қарай спирттік ішімдік ішкен Кияшко, хат жеткізушімін деп алдап, 7 жасар Женя мен оның 12 жасар әпкесі тұратын пәтерге кіреді. Үйде ересек адамның жоқтығын пайдаланып, оларды пышақпен қорқытып, пәтерде бар ақшаның бәрін шығаруларын талап етеді. Ақшаға қол жеткізген соң үйді аралап, құнды деген заттарды алады. Сосын қыз баланы байлап, оны шешіндіре бастайды. Осы сәтте бөлмеге кіші інісі Женя кіріп, егер осы бөлмеден шықпаса өлтіретіндігін айтады. Ас бөлмеден

пышақ алып келген Женя Кияшконың арқасына тықпақ болады. Осы сәтті пайдаланып, қыз бала пәтерден жүгіріп шығып, адамдарды көмекке шақыра бастайды. Кияшко Женяны ұстап алып, арқасынан пышақпен бірнеше жерден сұғып, заттарды алып, қашып кетеді. Женяны тездетіп ауруханаға жеткізгенімен бала алған жарақаттардан қайтыс болады.

Кінәлінің әрекеттеріне құқықтық баға беріңіз.

23. Ким көршісі Елистратовпен жағымсыз қарым-қатынаста болады. Осы негізде ол көршісін өлтіруді ниет етеді. Кимді өлтіруге қатысты өзінің қылмыстық ойын жүзеге асырмақ болып, ол Елистратовтың үйіне келіп, оның мінез-құлқына қатысты өз пікірін білдіріп, сосын кеудесі мен басына екі оқ атып өлтірген.

Сотқа дейінгі тергеу органдары мен сот Кимнің іс-әрекетін ҚР ҚК 99-бабының 2-бөлігінің 5-тармағы (аса қатыгездікпен жасалған адам өлтіру) бойынша саралап, өз шешімдерін Кимнің жақын маңнан оқ атқанымен, оған едәуір зақым келтіріп, жақ пен тісін, мұрнын және басқа да бөліктерін ұсақтап жіберуімен негіздейді.

Сот шешіміне талдау жасаңыз.

Талқылауды қажет ететін басқа нұсқаларды құрастырыңыздар.

24. Кешке аудандық ішкі істер бөліміне 11 және 12 жастағы екі қыздың ата-аналары олардың балалары мектептен қайтып келмегені туралы арызданған. Мектеп оқушыларын іздеу түні бойы жалғасты, тек келесі күні таңертең ғана балалардың денесінің жанып кеткен қалдықтары мектеп маңындағы бос жатқан жерден табылды.

Бесінші сынып оқушылары бос алаң арқылы мектептен үйіне қайтқандығы және сол алаңда қолдан жасалған шалашта Михайлов пен Мейірбековтың спирттік ішімдіктер ішкені анықталды. Бұл адамдар осы алаңда жиі жүретіндігі, сол жерде ас әзірлеп, отына жылынатындығы белгілі болды. Екеуі қыздарды зорлап, сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер жасап, соңында өлтіріп тастаған. Қылмыстарын жасыру үшін балалардың денесін, киімдері мен портфельдерін отқа жағып жіберген. Сол күні кінәлілермен бірге болған кәмелетке толмаған К-ны жолға бәрін бақылап тұруға қойған.

Кінәлілердің әрекеттеріне құқықтық баға беріңіздер.

25. Кудришов анасы және 8 айдан 5 жасқа дейінгі аралықтағы бес баласы бар танысының жеке ағаш үйінде қонақта болады. Арақ ішкен Кудришов қызғаныштан таныс әйелін пышақтап өлтіріп тастайды. Болған оқиғаның куәгері болған танысының анасын электр сымымен тұншықтырып өлтіріп, тұрғын үйді өртеп жібереді. Өрт салдарынан үй толығымен жанып кетіп, ал кішкентай балалар улы газбен уланып, қаза табады.

Кудришовтың әрекеттеріне құқықтық баға беріңіздер.

26. Данченко Слепцовты алдымен жұдырықпен, сонан соң электрлі

дәнекерлейтін аспаппен ұрып-соғып, мұрын сүйектерін ашық түрде сындырып жіберген. Мұрнының үстінде жазылмас тыртық пайда болып, жәбірленуші бетінің кейпін кетірген.

Кінәлінің әрекеттеріне құқықтық баға беріңіздер.

Талқылауды қажет ететін басқа да нұсқаларды құрастырыңыздар.

27. Маратов пен Лунев мас күйде, өз бастықтары – мас Қабиевті қалжындап өзенге «шомылдырып» алмақ болып, өзенге итеріп жібереді. Өзеннің қатты ағысына шамасы жетпей жатқан Кабиев айқайлап, екеуін көмекке шақыра бастайды. Өзеннің ағысы күшті екенін көріп Маратов пен Лунев қорқып кетеді. Сөйтіп, Кабиев суға батады. Жауапкершіліктен қорыққан екеуі Кабиевтің мәйітін өзеннен шығарып, өртеп жібереді. Жолда қайтып келе жатып Лунев болған оқиға жайлы кінәсін мойындап, полицияға баруды жөн санайтынын айтады. Қарақшылық үшін екі рет сотты болған Маратов Луневтен де құтылуды жөн санап, оны өзеннің жарынан төменге итеріп жібереді. Нәтижесінде Лунев тастарға соғылып, қайтыс болады.

Кінәлінің әрекеттеріне құқықтық баға беріңіздер.

Талқылауды қажет ететін басқа да нұсқаларды құрастырыңыздар.

ЖЫНЫСТЫҚ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ САРАЛАУ

1. Луиза келесі күні 14 жасқа толатындықтан осы айтулы күнді достарымен атап өткісі келеді. Үстелге қоятын түрлі дәмділерді әзірлеу үшін таудан қарақат теріп әкелу қажет болады. Сөйтіп Луиза әпкесі Надежда екеуі тауға кетеді. Тауда оларға Цхай кездесіп, ол Луизаны зорламақ болады. Надежда Луизаның кәмелетке толмағандығын айтып, Луизамен емес өзімен жыныстық қатынасқа түсуге көндіреді. Цхай Надеждамен келісіп, өз пиджагын жерге төсеп, Надеждамен жыныстық қатынас жасайды.

Цхайдың әрекеттерінде қылмыс құрамы бар ма?

Талқылау үшін басқа нұсқаларды қарастырыңыз.

2. 12 қаңтарда сағат 23 шамасында Минтаев пен Жораев көшеде жәбірленуші С.- ны кездестіріп, оны көлік кәсіпорнына апарып, өлтіремең қорқытып, еденге құлатып, жәбірленушінің қарсылығын еңсеріп, зорлайды. Олар зардап шегушінің тыныс алу жолдарын қолдарымен жауып, айқайлауға мүмкіндік бермейді. С.өмір белгілерін бермейтінін байқаған соң, екеуі оған жасанды тыныс алуына көмектесе бастайды, алайда бұл әрекеттерінен нәтиже болмайды. Жәбірленуші механикалық асфиксиядан қайтыс болады.

Қылмыстық қол сұғу объектісін анықтаңыз.

Көрсетілген тұлғалардың іс-әрекеттерінің субъективті жағына сипаттама беріңіз.

Минтаев пен Жораевтың әрекеттерін саралау.

3. Гайворонский мен Өтесов сағат 23.00-де қалада автокөлікпен жүріп

келе жатып, М.-ды кездестіріп қалады. Олар тоқтап қызға өздерімен бірге қыдыруды ұсынады. М. бас тартқан кезде, Өтесов пен Гайворонский оны еркінен тыс сүйрелеп, машинаға кіргізіп алып, кезекпен зорлайды. Бірнеше аптадан кейін М. жүкті болғанын біліп, төртінші қабатта орналасқан пәтерінің терезесінен секіріп кетіп, өзіне-өзі қол жұмсайды.

Гайворонский мен Өтесовтың әрекеттеріне құқықтық баға беріңіз.

Егер жәбірленуші М. кінәлі деп белгілі психикалық бұзылудан зардап шеккен болса, жасалған әрекеттің біліктілігі өзгере ме?

Талқылау үшін өзге нұсқаларды ұсыныңыз.

4. Голубев, Өтеген және Жолдыбай адамдар тобымен әйел зорлағаны үшін жауапқа тартылып, әрқайсы 5, 6 және 4 жылға бас бостандығынан айырылады. Сот талқылауы барысында, бұл адамдардың кешкісін Федоров кенті бойынша өтіп бара жатқан жәбірленушілер Г. мен С. кездестіріп қалып, оларды зорламақ болғандығы анықталды. Голубев және Өтеген Жолдыбаевқа да қыздарды зорлау жайлы ұсыныс жасайды. Алайда, Жолдыбаев өзінің қатты мас болуына байланысты, ондай әрекеттер жасауға шамасының жоқтығын, бірақ жолдастарына кедергі болмайтындығын айтады. Олар жәбірленушілерді автокөлікке күштеп отырғызып, көлге алып келеді. Жолдыбаев оларға түрлі былапыт сөздер айтып, Г-ға жақындап, қолының қырымен бетінен ұрып, футболкасын жырттып тастайды. Сосын Өтеген қолына шынының сынығын алып Г.-ның тамағына тақап қояды. Осыдан кейін Голубев Г.-ны көпірдің астына апарып, онымен жыныстық қатынас жасаған. Өтеген мен Жолдыбаев көпір жанында қалған С.-ның қасында тұрады. Голубев және Г. қайтып келген кезде Өтеген С.-ны көпірден 300 метр жерде орналасқан жағажай кабинасына апарып, онымен жыныстық қатынас жасайды. Ал Жолдыбаев осы уақытта көпірге көтеріліп, қатты балағат сөздер айтып, өтіп жатқан машиналарға тас лақтырады.

Кассациялық шағымда Жолдыбаевтың қорғаушысы оның жәбірленушілердің ешқайсысымен жыныстық қатынас жасамағанын, әрекеттерін бұзақылық ниет пен және достарына қолдау жасау түріндегі жалған сезіммен әрекет еткенін алға тартып, Жолдыбаевтың іс-әрекетін бұзақылық ретінде саралауды сұраған. Ал сотталушы Голубев пен Өтеген олардың әрқайсысы тек жәбірленушілердің біреуімен жыныстық қатынас жасап, әрқайсының өз бетінше әрекет жасауына байланысты адамдар тобының әйел зорлауы туралы сараланушы белгіні үкімнен алып тастауды сұрайды.

Сотталғандар мен қорғаушының шағымдары бойынша мәселені шешіңіз.

Кінәлілердің іс-әрекеттерін саралаңыз.

Талқылау үшін өзге нұсқаларды ұсыныңыз.

5. Гасанов 2017 ж. 13 сәуірге қараған түні есірткілік масаң күйде ҚарМУ жатақханасындағы Деминаның бөлмесіне кіріп, оның қарсылығын еңсеріп, оны өлтіреміндеп қорқытып, Деминамен табиғи түрде жыныстық

қатынас жасағаны үшін кінәлі деп танылды. Демина Гасановты «бала жасында кастрациялау» керек еді деп айқайлағанын естіп, Деминаның бетінен ұрады, сосын жәбірленуші Гасановқа «сені отырғызамын» дейді. Жәбірленушінің сөздерінен және Деминаның айқайынан көршілер келіп қала ма деп қорқып кеткен Гасанов Деминаны итеріп жіберіп, сол бөлмеден балта тауып алып, Деминаның басынан бірнеше рет балғамен ұрады. Демина алған жарақаттан есін жинамастан үш тәуліктен кейін ауруханада қайтыс болады.

Гасановтың әрекетін саралаңыз.

Талқылау үшін өзге нұсқаларды ұсыныңыз.

6. Дудков пен Губин түн ортасында Төлепов көшесінің бойында «ВАЗ-2115» автокөлігімен жүріп келе жатып, өздері танымайтын Ю.-ды үйіне дейін жеткізіп салуды ұсынып, оны машинаға отырғызып алған соң Ю.-ға олармен жыныстық қатынасқа түсуге ұсыныс жасайды. Ю. үзілді-кесілді бас тартып, машинаның есігін ашуға тырысады, бірақ Дудков есіктерді бірден бұғаттап тастайды. Ю. өзінің кәмелетке толмаған бірінші курс студенті екендігін айтып, оларға студенттік билетін көрсетіп, жігіттерді өзін жіберуге көндіре бастайды. Алайда Дудков пен Губин Ю.-ды ескі әуежай аумағына алып кетіп, оны кезекпен дәстүрлі және дәстүрлі емес нысандарды зорлаған. Сонымен қатар, Дудков зорлық-зомбылық көріністерін машинада болған фотоаппаратқа түсірген. Дудков пен Губин Ю.-ды үйіне апара жатып полицияға жүгінген жағдайда түсірілген суреттердің Ю. оқитын факультетке таратылатындығын айтып қорқытады. Дудковтың гаражында тінту жүргізу кезінде 240 фотосуреттен тұратын екі фотоальбом табылып, онда алпыс қызға қатысты сексуалдық әрекет көріністері бейнеленген.

Дудков пен Губинге қатысты жүргізілген сот-психиатриялық сараптама нәтижелері олардың ақыл-есінің дұрыстығын анықтаған.

Аталған адамдардың жауапкершілігі туралы мәселені шешіңіз. Зорлау мен сексуалдық сипаттағы басқа да әрекеттердің айырмашылығын ажыратыңыз.

Талқылау үшін өзге нұсқаларды ұсыныңыз.

7. Гинятов түнгі клубта Д.-мен танысып, таңға жуық оны үйіне шақырады. Ішімдік ішу кезінде Гинятов Д.-ны құшақтап, сүйе бастайды, жыныстық қатынас жасауды ұсынып, Д. ұсынысқа келіседі. Жыныстық қатынас жасағаннан кейін Д. кетпекші болады, бірақ Гинятов тағы да жыныстық құмарлығын қанағаттандыруды талап етеді. Шаршағандығын айтып, Д. бас тарта бастайды. Алайда Гинятов оны қорқытып, сосын табиғи түрде жыныстық қатынас жасайды.

Гинятовтың әрекетін саралаңыз.

Талқылау үшін өзге нұсқаларды ұсыныңыз.

8. Шараева терезеден өзінің көршісінің сегіз жасар қызы – Азараға бейтаныс ер адамның жақындап, баланы қолынан алып, гараж кооперативіне қарай бұрылғанын көріп қалады. Қатты алаңдаған Шараева ұлын және оның

досын қыздың анасын хабардар етіп, ер адамды бақылауды сұрайды. Гараж кооперативінің аумағына кірген екі жас жігіт гараждардың бірінен шыққан бала дауысын естиді. Жүгіріп барып, бала даусы шыққан гараж есігін ашып олар бейтаныс ер адамның қыздың жыныс мүшесін қолымен ұстап тұрғанын көреді. Екі жігітті көрген бейтаныс ер адам сол жерден қашпақ болғанымен қолға түседі. Кінәлі – бұрын да қыз зорлағаны үшін сотталған Огурцов болып шықты. Медициналық куәландыру нәтижесінде сегіз жасар Азараның қыздық пердесінің зақымдалғаны анықталды.

Огурцовтың әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.

Осы жағдайда кінәлінің өтелмеген соттылығының болуы саралау үшін маңызды ма?

Талқылау үшін өзге нұсқаларды ұсыныңыз.

9. Белов пен Золотов Горький саябағында үйіне қайтып бара жатқан кәмелетке толмаған Т.-ны кездестіреді. Белов танысалық деген сылтаумен Т.-ға орындыққа отыруды ұсынады. Әңгіме барысында Золотов Т.-ның қолындағы сағатын шешіп алып, қалтасына салып, сағатын Т. олармен дискотекаға барғанда қайтаратындығын айтады. Т. сағатын қайтаруды сұрап, үйде ата-анасының күтіп отырғанын түсіндіреді. Белов пен Золотов оған жауап ретінде орындарынан тұрып, жыраларға қарай барады. Т., өз сағатын қайтарып алмақ болып, олардың артынан барады. Бұталардың ішіне кірген кезде Белов Т.-ға өздерімен жыныстық қатынасқа түскен соң сағатын қайтаратындықтарын айтады. Т. сағатты жоғалтқаны үшін оған ата-анасы ұрысатынын айтқан соң, Белов Т.-ның джинса шалбарын түсіріп, онымен жыныстық қатынас жасайды. Содан кейін Золотов Т.-мен жыныстық қатынас жасайын деп жатқан кезінде полиция қызметкерлері ұстап алады.

Зорлау дегеніміз не?

Іс-әрекеттің қылмыстық-құқықтық сипаттамасын беріңіз және Белов пен Золотовтың іс-әрекетін саралаңыз.

10. Бейсенов пен Хамзатов қайық стансасының жанындағы саябақта екі қызды кездестіріп, оларға қайықпен серуендеу туралы ұсыныс жасайды. Оларды алыс жерге апарып, демалу үшін жағаға шығуды ұсынады. Жағада олар сөйлесіп, сыра ішкен. Содан кейін Бейсенов пен Хамзатов қыздарға өздерімен жыныстық қатынас жасауларын талап етеді, олар бас тартқан кезде өлтіреміз деп қорқытқан. Өзара келісе отырып, екеуі қыздарды екі жаққа апарып зорлаған. Сот оларды өлтіру қатерін төндірумен ұласқан, адамдар тобымен жасалған зорлауға кінәлі деп тапты.

Сот шешімі дұрыс па?

11. Кешкісін Токарев, Тоқтамысов, Бушуев және Рзиев мас күйінде кәмелетке толмаған М.-ды көреді. Токарев зорлау ниетімен кетіп бара жатқан қызды қуып жетіп, оны жыраға итеріп жібереді. Жәбірленушінің қарсылығын жеңу мақсатында, М.-ның аузын қолдарымен басып, Тохтамысов пен Бушуевке қызды қолынан ұстап тұруды тапсырады. Ал Рзиевке күзетте

тұрып, бөтен адамдар пайда болған жағдайда бұл туралы хабарлауды талап етеді. Токаревтің нұсқауына бағынған Тоқтамысов пен Бушуев арқасында жатқан қызды қолынан ұстап, Токарев оның аузын жауып зорлайды. Содан кейін М.-ды Тоқтамысов пен Бушуев кезек-кезек зорлайды. Көп ұзамай күзетте тұрған Рзиева бөтен адамдардың жақындағаны туралы белгі беріп, қылмыскерлер оқиға орнынан бой тасалаған. Жәбірленуші оқиға орнында көз жұмды, оның өлімі жоғарғы тыныс алу жолдарын қолмен жабу нәтижесінде туындаған механикалық асфиксиядан болған.

Кінәлілердің әрекеттерін саралаңыз.

Қылмыс жасауға қатысу дегеніміз не?

Талданып отырған қылмысқа қатысты қатысу нысандарын анықтаңыз.

12. Көлік жуатын мекеменің қызметкері Муклимов жұмыс орнында мас күйінде болған. Көлік жуатын бокстың ішінде адам жоқтығын пайдалана отырып, ол автокөлік жуып жатқан Васильеваны өлтіремін деп қорқыту арқылы зорлауға әрекет жасайды. Қолындағы пышақпен қорқыта отырып, Васильеваның үстіндегі киімді жыртады және денсаулығына жеңіл жарақат келтіреді. Ал Васильева қарсылық көрсетіп, кісілерді көмекке шақырады. Жәрдемдесуге келген көлік жуатын мекеме қызметкерлері қылмыстың алдын алады.

Муклимовтың іс-әрекеттерін қалай саралауға болады?

Талқылауды қажет ететін нұсқаларды құрастырыңыздар.

13. Соқпақ жолмен келе жатып Ложкин он алты жастағы Т.-ны кездестіреді. Зорлау мақсатында қызға бас салып, мойны мен кеудесінен қыса бастайды. Есінен танып қалған қызды жақын жердегі бұталар арасына сүйретіп апарып зорлайды. Зорлау барысында Ложкин қызды бала өліп қалды деп ойлап, оқиға болған жерден қашып кетеді.

Жәбірленуші мойнындағы қылқындырудан болған зақымын денсаулыққа келтірілген ауыр зардап санатына жатқызуға болады. Тишинаны сандырақтық күйіне душар еткен бұл жарақат өмірге қауіпті екендігі анықталған.

Ложкиннің қылмыстық әрекеттерін қалайша саралауға болады?

Талқылауды қажет ететін нұсқаларды құрастырыңыздар.

14. Скворцов көрші үйде тұратын он үш жасар баланы алдап өз пәтеріне енгізіп, онымен жыныстық қатынасқа түскен. Жұбату үшін және болған оқиға жайлы ата-анасына айтып қоймасын деп, Скворцов балаға кәмпит пен лимонад береді. Алайда, жанға батқан, созылған аурсынудан, сондай-ақ Скворцов тағыда жәбірлеу әрекетін жасайды-ау деп қорыққан бала болған мән-жай туралы шешесіне айтады.

Скворцовтың іс-әрекеттерін саралау туралы сұрақты шешіңіздер.

Талқылауды қажет ететін нұсқаларды құрастырыңыздар.

15. Түнде Китаев үйдің сатылық алаңында Смирнованы зорлауға әрекет жасайды. Зорлықшының қолынан сытылып шыққан жәбірленуші үйдің шатырына тығылады. Китаев Смирнованың артынан қуа жөнеледі. Шатырда орналасқан терезеден үйдің төбесіне шыққан Смирнова қуғыншыдан қашып келе жатып сүрінеді де, үйдің төбесінен құлап өледі.

Китаев іс-әрекеттерін саралаңыздар.

Талқылауды қажет ететін нұсқаларды құрастырыңыздар.

16. Баскетболдан әйелдер командасының жаттықтырушысы 62 жасар Иванов Мальцеваға шетелдік тиімді келісім-шарт ұсынады. Бұл туралы сөйлесу үшін ол қызды үйіне шақырады. Әңгіме барысында Иванов Мальцеваны құшақтап, денесінен сипап, егер Мальцева оған өзара келісіммен жауап берсе, онда шетелдік клубпен келісім-шарт Мальцеваның өмір бойы жақсы өмір сүруіне мүмкіндік беретінін айтып, әңгіме соңында Иванов Мальцеваны диванға жығып, шешіндіруге тырысады. Алайда, Мальцева оның құшағынан босап, қашып кетеді. Бірнеше күннен кейін шетелдік клуб Ивановтың көмегімен басқа спортшымен келісім-шартқа отырады.

Ивановтың әрекетін саралаңыз.

Зорлауға оқталу мен сексуалдық сипаттағы әрекеттерге мәжбүрлеу арасындағы айырмашылық неде?

17. Китаев пен Титов жәбірленуші Л.-ды зорлаған соң, Китаев оның сақинасын, алтын алқасы мен ұялы телефонын алып қояды. Содан кейін ол Титовқа Л.-ның құқық қорғау органдарына өзінің зорлану фактісі жайлы өтініш беруі мүмкін екендігін алға тарта отырып, оқиға ізін жасыру үшін жәбірленушіні өлтіруді ұсынады. Китаев жәбірленушінің назарын өзіне аударып тұрғанын пайдаланып Титов жәбірленушінің мойнына антенна кабелін салып, тұншықтыра бастайды. Китаев пәтерден жүгіріп шығып кетіп, ал Титов жәбірленушінің кеуде тұсынан асүй пышағымен пышақтайды. Китаев оралғаннан кейін кінәлілер пәтерді жағып, ізін суытқан.

Китаев пен Титовтың әрекеттері ҚР ҚК-нің 120-б.2-бөл. 1-тармағы; ҚР ҚК-нің 191-бабының 2-бөл. 3-тармағы және ҚР ҚК-нің 99-бабының 2-бөлігінің 7 және 10-тармақтары бойынша сараланған.

Сот шешімі дұрыс па?

18. Омаров, Палкин, Миронов мас күйінде, үйдің кіреберісінде мас күйінде ұйықтап жатқан Фокинаны көріп, оны зорламақ болады. Олар Фокинаны сарайдың артына апарып, қардан тазаланған шұңқырға жатқызып, үшеуі зорлайды. Жәбірленушіні қатты мас болу салдарынан болған дәрменсіз күйде қалдырып, қылмыскерлер оқиға орнынан бой тасалаған. Фокина суықта жатқаннан (переохлаждение) қайтыс болады.

Іс-әрекетті саралаңыз.

19. Түнде Васильев К.- мен танысып, оны үйіне дейін шығарып салуға шығады. Жол бойы оған бірнеше рет өзімен жыныстық қатынасқа түсуге ұсыныс жасағанымен, әр кез К. бас тартады. Темір жол үйіндісінен өтіп келе жатып, Васильев К.-ны иығына итеріп қалады, ал К. төменге жүгіре жөнеледі. Васильев оны қуып жетіп, аяғынан шалып құлатып, бетінен, аяғынан, кеудесінен ұрып, денсаулығына ауырлығы орташа зиян келтіреді. Қыздың қарсылығын басқан соң онымен табиғи түрдегі жыныстық қатынас, сосын сексуалдық сипаттағы акт жасайды. Жасалған іс-әрекет үшін жауапкершіліктен құтылу үшін Васильев К.- дан құтылмақ болады. Осы мақсатпен К.-ның мойнынан қатты қысып қылқындырады. Нәтижесінде жәбірленуші механикалық асфиксиядан қайтыс болады. Васильев К.-ның киімінен шыққан ұялы телефонды алып, оқиға орнынан қашып кеткен.

Васильевтің іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.

20. Сулейман кәмелетке толмаған Ж. өз үйіне алдап алып келіп, оған коньяк құйып, өзімен жыныстық қатынасқа түсуге көндіре бастайды. Ж. бас тартады. Сулейман оны бетіне ұрып, төсекке құлатып, зорлықпен жыныстық қатынас жасай бастайды. Ж. қатты айқайлап, көмекке шақырады. Сулейман көршілер жәбірленушінің даусын естімеуі үшін Ж. бетін жастықпен жауып, зорлауды жалғастырады. Жыныстық актіні аяқтағаннан кейін Сулейман Ж.-ның тұншығып кеткенін көреді. Сулейман қылмысты жасыру ниетімен мәйітті бөліктерге бөліп, оны пәтерден көшеге шығарып, елді мекеннің әртүрлі жерлеріндегі кәріз құдықтарына лақтырады.

Жасалған іс-әрекетке құқықтық баға беріңіз.

21. Семенов ешкім жоқ жерде Т.-ны пышақпен қорқытып, зорлайды. Ақшасы мен заттарын тартып алып, Т.-ны денесін, көзін байлап, аузына шүберекпен оралған таяқша тығып, жәбірленушіні жалаңаштап, оның ішін кесіп, кеудесіне пышақ сұғып, оны өлі деп есептеп, бой тасалаған. Т.-ны бөтен адамдар тауып, ауруханаға жеткізіп, өмірін сақтап қалған.

Жасалған іс-әрекетке құқықтық баға беріңіз.

22. Гаак бір ұйымда жүргізушісі болып жұмыс істеп жүріп, 13 жасар Н.-ды машинаға отырғызып, далаға шығып, онымен жыныстық қатынасқа түседі. Сотта Н. өзіне жыныстық өмір туралы белгілі екенін айтып берді. Гаакпен бұрын танысқан, олар бірнеше рет кездесіп, жыныстық байланысқа өз еркімен барған, себебі Гаак оған әскерден келгеннен кейін үйленуге уәде берген.

Жасалған іс-әрекетке құқықтық баға беріңіз.

МЕНШІККЕ ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ САРАЛАУ

1. Түнгі уақытта Сафаров көлікті мас күйінде жүргізгісі келмегендіктен, жол жиегіне шығып, салонда ұйықтап кеткен. Түнде көзін

ашып қараса, екі ер адам оның салонындағы автомагнитоланы шешіп алып, пиджагының қалтасынан ақшасы бар әмиянын алып қойғанын көреді. Өзін өлтіріп кете ме деп қорыққан Сафаров ұйықтап қалған сияқты кейіп танытады. Таңертең болған жағдайды полицияға хабарлап, қылмыскерлер ұсталған. Кінәлілер жәбірленушіні ұйықтап жатыр деп ойлағандықтан оның әрекеттерін бақылап жатқанын білгенде таң қалған.

Жасалған іс-әрекетті саралаңыз.

Бұл ұрлық ашық немесе жасырын болып санала ма?

2. Буравин Гносюк, Шмелев және Сидоренкоға өзінің танысы Хихметовтардың отбасын оларға зорлық-зомбылық жасамай тонауды ұсынады. Осы мақсатта аталған адамдар Хихметовтар тұратын үйге келіп, Буравин автокөлікте қалып, ал топтың басқа қатысушылары техникалық құралдардың көмегімен Хихметовтардың үйіне кіріп, ақша талап ете отырып, жұбайларды теуіп, ұра бастайды. Хихметовқа денесінің әр түрлі бөлігінен монтировкамен ұру нәтижесінде денсаулығына ауыр зиян келтіреді. Күш қолдану барысында Гносюк пышақ алып, Хихметовтың кеудесіне төрт рет сұғып, оны өлтіреді. Ал Хихметованың денсаулығына кінәлілердің әрекеттерімен жеңіл дәрежедегі зиян келтірілген.

Ақша таппаған қылмыскерлер оқиға орнынан іздерін суытқан.

Буравин, Гносюк, Шмелев және Сидоренконың әрекеттеріне заңды баға беріңіз?

Қылмыс құрамының объективті жағының белгілері бойынша тонау мен қарақшылық арасындағы айырмашылық неде?

Ұйымдасқан топтың қандай белгілерін білесіздер?

3. Бабаев жұмыстан кейін өз бау-бақшасына жұмыс істеу үшін келгенде бейтаныс, денелі келген екі ер адамның өзіне тиесілі картопты қазып жатқанын көреді. Бабаевты әдеттегі жүргінші деп қабылдаған екі жігіт бай-бақша иесінің жоқтығын пайдаланып, оған да өсіп жатқан картопты қазып алуды ұсынады. Бабаев өзіне қатысты ұрылар тарапынан күш қолдану қаупінен қорқып, өзін олар картоп қазып жатқан бау-бақша иесі екенін айтпастанөзі де картоп қазуға кірісіп кетеді. Олар әрқайсына бір қаптан картоп қазып алып, екі қапты жақын жерде тұрған автокөлікке тиеп, екі жігіт машинаға отырып кетіп қалады. Бабаев жолға жүгіріп шығып, кездейсоқ өтіп бара жатқан полиция автокөлігін тоқтатып, болған оқиға туралы айтып береді. Полиция қызметкерлерінің көмегімен Ливанов пен Бариев қылмыс жасалған жерден екі км қашықтықтан ұсталады.

Ливанов пен Бариевтің әрекеттерін саралаңыз.

Талқылау үшін басқа да нұсқаларды ұсыныңыз.

4. Жуков өзінің танысы Сағынтаев пен Сыртасовқа жалақы берілген күні «Арал» ЖШС кассирін тонауды ұсынады. Осы мақсатта олар акционерлік қоғам аумағына келіп, Жуков ғимараттан алыс емес жерде болуы мүмкін қауіп туралы ескерту үшін қалдырылып, Сағынтаев пен

Сыртасов бетперде киіп, ЖШС ғимаратына келген автомашинаға жүгіреді. Сағынтаев кассир Тунцеваға қарай газ тапаншасынан оқ атып, одан кейін оның 50 мың доллардан астам ақшасы бар сөмкесін жұлып алып, өзін тоқтатуға тырысқан жүргізуші Юлиннің басына тапаншамен бір ұрған. Сағынтаев пен Сыртасов оқиға орнынан кетіп бара жатқанда, Сағынтаев зардап шеккендерге бағыттап қайта атқан.

Алдын ала тергеу барысында Жуков Сағынтаевтың тапаншасының бар екендігі туралы білмегенін, автокөліктен ғимаратқа жеткенге дейінгі жол бойында кассирден сөмкесін алып қоюға ғана келіскенін айтады.

Кінәлілердің іс-әрекеттеріне құқықтық баға беріңіздер.

5. Жилин мен Шишкин таныстары Болотоваға қарақшылық шабуыл жасауға келіседі. Осы мақсатта олар пышақпен қаруланып, үлкен сөмкені алып, Болатова тұратын үйдің подъезіне жақындайды. Болатова таныстарына сеніп, оларды пәтеріне кіргізеді. Жилин кірген бойда Болатованы креслоға итеріп жіберіп, ұстап тұрып, ақша талап ете бастайды. Осы уақытта Шишкин жәбірленушіге тиесілі бейнекамера мен басқа да заттарды сөмкеге салып, пәтерден ақша іздей бастайды. Болатова Жилиннің қолынан жұлқына босап шығып, «Вальтер» газды тапаншасын алып, қорғану мақсатында, оны шабуылдаушыларға бағыттайды. Жилин оның тапаншасын алып алып, Шишкин пышақты Болатоваға бірнеше рет сұғып, нәтижесінде жәбірленуші оқиға орнында көз жұмды.

Кінәлілердің әрекеттерін саралаңыз.

Қылмыстық әрекеті тұрғын үйге заңсыз кіріп жасалған деп есептеуге бола ма?

6. Ботиков бөтеннің мүлкін иемдену ниетімен Потапованың қолынан сөмкесін жұлып алып, жәбірленушіге жалпы құны 550 000 теңге залал келтіріп, оқиға орнынан бой тасалаған. Келесі күні сол ниетпен ол Баринованы бақылап, үйдің кіреберісінде сөмкесін беруді талап етеді. Барينوفا бас тартады. Ботиков оны бетінен ұрып, сөмкесін жұлып алып кетеді. Жәбірленуші құлап бара жатып есіктің жақтауына басын соғып алып, нәтижесінде Баринова денсаулығының қысқа мерзімді бұзылуына әкеп соққан зақым алады.

Ботиковтың әрекетіне құқықтық баға беріңіз.

Талқылау үшін басқа да нұсқаларды ұсыныңыз.

Тонау және қарақшылық кезінде қылмыс жасаудың құралы ретіндегі күш қолдануға сипаттама беріңіз.

7. Палкин мен Кудояров көрші ауылдағы дүкенді тонауға келіседі. Өздерімен бірге бұзу құралын алып, олар сол ауылға келеді. Жолда келе жатып олар Сәрсеновты кездестіріп, оның қол сағаты мен пышағын алып қояды. Көрші ауылдағы дүкен орналасқан жерге Палкин және Кудояров таң атқанда келеді. Біреу байқап қалар деп қорыққан екеуі, басқа күні келерміз

деп дүкенге түсуден бас тартады. Үйіне оралған бетте қылмыскерлер ұсталады.

Палкин мен Кудояровтың әрекеттерін саралаңыз.

Палкин мен Кудояровтың іс-әрекеттерінің сатыларына сипаттама беріңіз. Әрекеттерінде қылмыс жасаудан ерікті түрде бас тарту бар ма?

8. Әлшібеков мәйітханада санитар болып жұмыс істеп жүріп, жүйелі түрде өлгендерден алтын тістерін қағып алып, тіс технигі Идрисқалиевке сатып жүрген.

Әлшібековтің әрекеттерінде қандай қылмыстың құрамы бар? Идрисқалиев қылмыстық жауапкершілікке жата ма?

9. Шахан кенті көшелерінің бірінен өтіп бара жатып Боранбаев пен Павленко алда келе жатқан мас адамды байқап, кейіннен ол адам Мейрамов болып шығады. Боранбаев Павленкоға Мейрамовқа оның мүлкін иелену үшін шабуыл жасауды ұсынды. Боранбаев Мейрамовты қуып жетіп, оны аяғынан қағып, қолынан сағатын шешіп алып, қалтасынан ұялы телефонын алып кеткен. Павленко да жүгіріп келіп Мейрамовтың пиджагының қалтасынан ішінде ақшасы бар портмонесін алып, Боранбаев екеуі қылмыс орнынан бой тасалаған. Оқиға салдарынан Мейрамовқа екі апта бойы денсаулығының бұзылуына әкеп соққан жеңіл дене жарақатын алған.

Боранбаев пен Павленконың іс-әрекеттерін саралау туралы мәселені шешіңіз.

Жымқыру кезінде қандай жағдайларда күш қолдану қарақшылық шабуылдың болуын тануға негіз болып табылады?

10. Старогородцев Трахининнің пәтеріне соңғысының болмауы кезінде еніп, қызғаныш және кек алу уәжі бойынша Трухин үшін өте қымбат хаттарын алып кетеді. Осы хаттарды іздеу барысында Старогородцев белгілі жазушының бірнеше хаттарын тауып алып, бұл хаттар үшін үлкен ақша табуға үміттенеді.

Старогородцевтің әрекеттерінде қандай да бір қылмыс құрамының белгілері бар ма?

Егер бар болса, жасалған әрекетті саралаңыз.

Талқылау үшін басқа да нұсқаларды ұсыныңыз.

11. Бегляров пен Аникин түнде шіркеу есігін бұзып кіріп, майшам және тағы басқа майда-шүйде заттарды алады. Олар сол заттарды бөліп алып басқа заттарға айырбастамақшы болды. Сонан соң Аникин жолдасына шіркеуден біртіндеп шығуға ұсыныс жасады. Бегляров бірінші болып шығуға келісімін берді. Осыдан кейін Аникин майда заттарды тастап өзімен бірге иконды алады, өйткені ол иконның тарихи-көркемдік бағасының анағұрлым жоғары екенін естуі бар еді, бірақ та ол жолда келе жатып ұсталады.

Бегляров пен Аникиннің іс-әрекеттерін саралаңыз.

Талқылауға өзге де нұсқалар құрастырыңыз.

12. Ақылбаева өзінің құрбысы Масловаға қымбат көйлегін бір кешке киюге береді. Онан соң Ақылбаева көйлегін бірнеше рет сұрайды. Бірде ол көйлекті бір танысының үйіне тастап кеткенін айтады. Маслова енді бірде басқа себептер табады. Ақылбаева Маслова бөлмеден шығып кеткен уақытта оның сөмкесінен бір бума ақша алып, оған көрінбей кетіп қалады.

Ақылбаева мен Маслованың іс-әрекеттерін саралаңыз.

Талқылауға өзге де нұсқалар құрастырыңыз.

13. Бекмағамбетов кинотеатр кассасының жанында Лаврушиннің қалтасына қолын салады. Ол ондағы қағаздарды ақша деп ойлап оларды алып кетіп қалады.

Бекмағамбетовтің іс-әрекеттерін саралаңыз.

Талқылауға өзге де нұсқалар құрастырыңыз.

14. Тен әмбебап дүкеннің жанында салынып жатқан ғимараттың төртінші қабатына көтерілді. Ол жерден әмбебап дүкеннің шатырына өтіп, терезенің үш тақтайын жұлып алып, шатырға шығып кеткен, сол жерден әмбебап дүкеннің екінші қабатының сауда залына өтуге болатын. Осы уақытта дабыл іске қосылып, ол ұсталды. Ұсталған кезде Теннен тауарларды салу үшін дайындалған қаптар табылады.

Тенді жауапкершілікке тарту мәселесін шешіңіз.

Талқылауға өзге де нұсқалар құрастырыңыз.

15. Шамин қойма күзетшісі Ореховпен мынадай келісімге келеді. Түнгі сағат 24.00 кезінде ол орнын босатқан сәтте Шамин қоймаға еніп бағалы заттарды ұрлауы тиіс. Сол бойынша олар алдын ала жоспар құрады. Орехов өзінің қоймадан кетіп қалу себебін шындау үшін әйелімен келіседі. Әйелі уланды деп 10 жасар қызын әкесіне жібереді. Оны естіген Орехов қойма жарығын сөндіріп кетеді. Қылмыс жасалған түні барлығы жоспар бойынша іске асады. Шамин қоймаға кіріп, бағалы заттарды алып, қашып кеткен.

Орехов пен Шаминнің іс-әрекеттеріне сараптама жасаңыз.

Талқылауға өзге де нұсқалар құрастырыңыз.

16. Бандитизм үшін бұрын сотты болған Бұрынтаев ұрлық жасағысы келді. Ол жақын маңда орналасқан бос сарайдың ішінен дүкенге жер асты жолын қазбақшы болады. Қылмыс жасайтын күні Бұрынтаев сыраhanaда Семкин деген жүргізушімен танысып, оның көлігін сарайға тақап қоятынына келісті. Үлкен сыйақыға қызыққан Семкин белгіленген уақытта көлігін аталған жерге алып барып қояды. Түнгі сағат 24.00 қарай дүкенге енген Бұрынтаев таңғы 03.00-ке дейін көлікке көп мөлшерде тауарлар тиіп, Семкинді күтпестен өзі айдап кетеді. Заттарды 40 шақырым жердегі орманға жасырып, Бұрынтаев көлікті басқа жаққа тастап кетеді.

Семкин мен Бұрынтаевтың іс-әрекеттерін саралаңыз.

Талқылауға өзге де нұсқалар құрастырыңыз.

17. Андрюшин түн ішінде дүкеннің терезесін бұзып заңсыз кіргені үшін сот үкімімен кінәлі деп танылды. Оқиға былай болған – дүкенге енген Андрюшин дабыл іске қосылғанда 5 шөлмек коньяк алып терезеден көшеге шығады. Күзетшімен бірге жүгіріп келген Ключевті Андрюшин шеге жұлғышпен басынан ұрып қашып кетеді. Нәтижесінде Ключевтің денсаулығына орташа дәрежеде зиян келтірілді.

Андрюшиннің іс-әрекеттеріне сараптама жасаңыз.

Талқылауға өзге де нұсқалар құрастырыңыз.

18. Бұрын ұрлығы үшін сотты болған Ветров кешкісін буфетке кірді. Онда сатушы Асланбекова ғана болды. Жан-жағында ешкімнің жоқ екеніне көзі жеткен Ветров ешнәрсе айтпастан, ақша жәшігіне таянады да ақшаларды қалтасына сала бастайды. Асланбекова ақша ұрлануына кедергі жасағысы келіп еді, бірақ Ветров оны итеріп жібереді. Буфетші құлап түсіп жарақаттанады. Оның айқайына өтіп бара жатқан адамдар ішке кіріп, Ветровты ұстайды. Сол қарбаласта ол Тунцев деген азаматты бірнеше рет соғып жіберіп, оның денсаулығына жеңіл зиян келтірді.

Ветровтың жауаптылығы туралы сұрақты шешіңіз.

Талқылауға өзге де нұсқалар құрастырыңыз.

19. Ольховский мен Зайченко мас күйінде ауылшаруашылығы институтының қарбыз өсіретін тәжірибелік бау-бақшасына кіріп, бір-бір қарбыз алып шығады. Қарбыздың дәмін татқан олар тағы да бірнешеуін үйлеріне алып кетуге оқталады. Жүгіріп келген қарауыл шал олардың әрекеттеріне тосқауыл қоюға ұмтылды. Бірақ олар шалдың мылтығын сындырып, оны өз бөлмесіне апарып, онан бос қапшықтар алып, қарбыздарды жымқырып кетеді.

Ольховский мен Зайченконың іс-әрекеттерін саралаңыз.

Талқылауға өзге де нұсқалар құрастырыңыз.

20. Бұрын тонау қылмысы үшін сотты болған Кемелбаев бірінші қабаттағы бөлмеде ешкімнің жоқтығын пайдаланып, көріп тұрған магнитофонды ұрлауға бел буады. Ол терезе алдындағы гүлдерді ысырып тастап бөлме ішіне енеді. Сол кезде көрші бөлмеде отырған пәтер иесі Ступина Кемелбаевтың әрекеттерін айнадан бақылап көріп отыра береді. Ұры қалаған затын алып, терезеден шығып кетеді.

Кемелбаевтың жауаптылығы туралы сұрақты шешіңіз.

Талқылауға өзге де нұсқалар құрастырыңыз.

21. Букерин 12 жасар Корневті өзімен бірге ұрлық жасауға оны көндіру арқылы азғырады. Баланы ашық тұрған терезеден үйге енгізіп құнды заттарды алмақшы болады. Бала бөлмеге кіруге тырысып жатқанда тайып құлайды да қолын сындырып алады. Ұйықтап жатқан тұрғындар оның айқай-шуына оянып жүгіріп келгенде Букерин жасырынып үлгереді.

Букериннің іс-әрекеттерін саралаңыз.

Талқылауға өзге де нұсқалар құрастырыңыз.

22. Аксенин мен Қонақов бұзақылық ниетпен алдын ала сөз байласып, Шутовты өлтіруге әрекет жасайды. Олардың алғашқысы қысқашпен басынан ұрып өлтіргенде, екіншісі оның қолынан сағатты шешіп алып иеленеді.

Аксенин мен Қонақовтың іс-әрекеттеріне сараптама жасаңыз.

Талқылауға өзге де нұсқалар құрастырыңыз.

23. Карпекин, Кузин, Татюнин және Колощев вокзал перронында сыра ішіп тұрды. Қатты мас күйінде тұрған Тихоновтың қолындағы сағатты көріп Колощев оны шешіп алуды ұсынды, оған Карпекин қосылды. Олар бөтен біреулерден таса болсын деп Тихоновтың екі жағынан келіп тұрады. Карпекин сағатты шешіп Колощевқа береді. Олар зат сақтау камерасы жанында полиция қызметкерлерінің қолына түсті. Перрондағы жолаушылар сағаттың ұрлануын көрмеген. Куэгер Яковлева мас адамның жанында біреулердің жүргенін және кейіннен ғана Тихоновтың қолында сағаттың жоқ екенін байқағанын айтты. Кузин сағатты шешуге қатысқан жоқ. Карпекин, Татюнин және Колощевтар оны өзіміздің адам деп ойлайды, ал ол болса сыра ішіп тұрып бәрін көргенімен ешқандай кедергі жасамаған.

Карпекин, Кузин, Татюнин және Колощевтың әрекеттерін сарптаңыз.

Талқылауға өзге де нұсқалар құрастырыңыз.

24. Секінбаев жанынан өтіп бара жатқан Неелованың аң терісінен жасалған бас киімін жұлып алады. Бір сағаттан соң ол қолында чемоданы бар такси күтіп тұрған Приходьконың қасына келеді. Онымен әңгіме қозғап бірге такси тоқтатуды ұсынды. Кенет қас қағым сәтте ол Приходьконың қолынан чемоданды жұлып алып, тез кетіп қалады.

Секінбаевтың жауаптылығы туралы сұрақты шешіңіз.

Талқылауға өзге де нұсқалар құрастырыңыз.

25. Ағайынды Данилиндер ұрлау мақсатымен Глушкованың ауласына кіреді. Данилин Виктор ауыз үйдің төбесіне мініп, терезе арқылы шатырға шығады да екі шолақ тонды ұрлайды. 13-жасар Данилин Петр бұл уақытта жағдайды бақылап үйдің жанында тұрды және ұрланған заттарды алды.

Данилиндердің жауаптылығы туралы сұрақты шешіңіз.

Талқылауға өзге де нұсқалар құрастырыңыз.

26. 22 қаңтарға қараған түні Рыбин үйінің маңында орналасқан коммерциялық дүңгіршектің темір есігін сындырып, дүңгіршектен арақ жәшігін, 5 шоколад қорабын, 10 қорап қымбат темекіні алып, ұрланған заттарды өз үйіне алып кеткен.

Біраз уақыттан кейін өзімен бірге қап алып, дүңгіршекке қайта оралып, айналасында ешкім жоқ екеніне көз жеткізіп, тағы да 20 бөтелке арақ, 10

бөтелке шампанды ұрлап, дүңгіршіктен шығып келе жатқанында оны полиция қызметкерлері ұстап алады.

Рыбиннің әрекетін саралаңыз.

Талқылау үшін өзге де нұсқаларды құрастырыңыз.

27. Орта мектептің 10 сынып оқушылары Сергеев пен Садков 6 сынып оқушысы Байтазаевтан 5000 теңге талап еткен. Екі күн ішінде аталған соманы әкелмеген жағдайда Байтазаевты ұратындықтарын айтқан.

Сергеев пен Садковтың әрекеттерін саралау.

Талқылау үшін өзге де нұсқаларды құрастырыңыз.

28. Барамбиев Глухаревадан мерез (сифилис) ауруын жұқтырады. Емделгеннен кейін ол Глухареваның ата-анасына 50.000 теңге төлеуді талап етіп, әйтпесе қызының ауру фактісі туралы тергеу органдарына ғана емес, таныстарына да, олардың отбасы достарына да жеткізетіндігін айтады.

Қорқытып алудың күш қолдану қатерін төндіріп тонау мен қарақшылықтан айырмашылығы неде?

Барамбиевтің жауапкершілігі туралы мәселені қалай шешу керек?

29. Колесникова екі ай ішінде әртүрлі емханаларда тондары мен пальтоларын киім ілетін орынға өткізген әйелдердің нөмірлерін ұрлап, сол арқылы киімдерді жымқырып отырған. Жалпы алғанда ол түрлі бағалы 5 тон және 4 пальто ұрлаған.

Колесникованың іс-әрекеттерін саралаңыз.

Талқылауға өзге де нұсқалар құрастырыңыз.

30. Плотников Фролованың үйіне кіріп, ондағы тұрған сандықты ашып, одан құнды заттарды ала бастаған. Сол уақытта төсекте жатқан Фролованың 14-жасар қызы Валентина оянып кетеді де Плотниковтан не үшін келгенін сұрайды. Плотников оған көрпемен жамылып алуын және үндемеуін талап етіп, болмаса сойып тастаймын деп қорқытты. Сөйтіп ол ақша және киетін заттарды алып шығып кеткенімен жолда ұсталады.

Плотниковтың іс-әрекеттеріне сараптама жасаңыз.

Талқылауға өзге де нұсқалар құрастырыңыз.

31. Медовкин балауыздан /из воска/ тапанша пішімін жасайды. Ол түнде Вечерниковты кездестіріп, оған өз «тапаншасын» бағыттап, одан дереу ақша мен сыртқы киімін шешіп беруін талап етеді. Қалаған заттарын иемденген Медовкин жасырынып үлгереді.

Медовкиннің іс-әрекеттерін саралаңыз.

Талқылауға өзге де нұсқалар құрастырыңыз.

32. Цыганков өзін электр желілерін жөндеуші деп таныстырып, дүкен меңгерушісі Бабушкинаның пәтеріне кіреді. Өзімен ала келген құрал-саймандарымен жөндеу жұмыстарын жасап жатқандай сыңай танытып, стол

тартпасындағы көп мөлшерлі ақша сомасын көріп қалады. Дүкеннің кірісі болып табылатын сол ақшаны жасырын қалтасына салған «жөндеуші» пәтерден сытылып шығып кетеді.

Цыганковтың іс-әрекеттеріне сараптама жасаңыз.

Талқылауға өзге де нұсқалар құрастырыңыз.

33. Темір жол аялдамасында Наконечкинмен танысқан Захарян өзінің жолдасын күтіп тұрғандай болып оның шолақ кеудешесін 20 минутқа сұрап алады. Кеудешені алысымен ол аяндап барып жасырынып кетеді. Оның қалтасында Наконечкинге тиесілі құжаттары және 5 мың теңге ақшасы болған.

Захаряның іс-әрекеттерін саралаңыз.

Талқылауға өзге де нұсқалар құрастырыңыз.

34. Комбайншы Сурин және оның көмекшісі Бакенов комбайн бункерінен 270 кг.бидай алады да оны машинасымен өтіп бара жатқан Сорокинге сатып жібереді.

Сурин мен Бакеновтардың іс-әрекеттеріне сараптама жасаңыз.

Талқылауға өзге де нұсқалар құрастырыңыз.

35. Алдияров ағасы Омаржанов қайтыс болғаннан кейін одан қалған мүлікке заңды құқығы жоқ бола тұра қайтыс болған Омаржановтың ұлы Досаннан өзіне 500.000 теңге көлеміндегі мүліктің бір бөлігін ерікті түрде бөлуді талап етті. Алдияров егер Досан оған аталған сомаға заттар бермесе, ол қайтыс болған адамның үйін барлық мүлкімен жоятынын мәлімдеді. Досан Алдиоровтың қойған талаптарын орындаудан бас тартқан соң, Алдиоров Досанның үйіне өрт қойып, нәтижесінде 2 000 000 теңге көлеміндегі мүлік жойылып, бүлінген. Сонымен қатар, Досан Омаржановтың әйеліне сот-медициналық сараптамасының қорытындысы бойынша ауыр дене жарақаты келтірілген.

Алдияровтың әрекеттерін саралаңыз.

Талқылауға өзге де нұсқалар құрастырыңыз.

36. Матвеев Каймековпен жағымсыз қарым-қатынаста болу салдарынан оның үйін өртеп жібереді. Өрт салдарынан Каймековқа үш миллион теңге көлемінде шығын келтіріліп, өрт кезінде Каймеков коллекциялаған антикварлық монеталар жойылған.

Матвеевтің әрекеттерін саралаңыз.

Талқылауға өзге де нұсқалар құрастырыңыз.

37. 20 жастағы Хасанов кәмелетке толмаған Малахов пен Григорьевті орманға баруға шақырды. Орманда олар белгісіз ер адамды көреді. Хасанов жасөспірімдерге соңғысын тонауды ұсынады. Бірақ Малахов пен Григорьев келіспейді. Хасанов өзі сол ер адамның күртешесін алып кетеді. Сол күні орманда олар басқа жасөспірімдерді кездестіріп, бұл жолы Малахов пен

Григорьев жәбірленушілерге бірінші болып шабуыл жасап, олардың фотоаппаратын, сөмкелері мен сағаттарын алып кетеді.

Кінәлілердің әрекетін қалай саралаймыз?

Талқылауға өзге де нұсқалар құрастырыңыз.

38. Жүйелі түрде жұмыс істемейтін Гвоздев 15 жасар ұлы мен оның досына бірнеше рет спирттік ішімдіктер берген. Содан кейін оларға ұрлық жасауды ұсынады. Алғашқы бірнеше бөтен мүлікті ұрлауды жасөспірімдер Гвоздев тікелей қатысуымен жасаған. Кейіннен жасөспірімдер ұрлықты өздері жасауды үйреніп алып, Гвоздев ұрланған мүлікті қабылдап алып, оларды өткізумен айналысқан.

Әрбір қатысушының әрекетінде қандай қылмыстық құқық бұзушылық құрамының барын анықтаңыз?

Талқылауға өзге де нұсқалар құрастырыңыз.

39. Филимонов жабылу алдында дүкенге кірді. Кіре сала ол еденге үлкен сөмкені тастап, плащтың астынан автомат алып: «Барлығың тұрындар! Бұл тонау!»-дейді. Сосын ол автоматқа патрондары бар магазинді жалғай бастайды, бірақ сатушы Миронова қаруға жабысып алып, жұмысына кедергі келтіреді. Филимонов оны бірнеше рет ұрып, денсаулығына жеңіл зиян келтірді. Ол қарудың көмегімен ақшаны иемдене алмай қалады, өйткені Мионованың айқайын естіп, көмекке келген адамдар оны қарусыздандырады.

Қылмыс жасау кезеңін анықтаңыз. Филимонов қандай қылмыс жасады?

Талқылауға өзге де нұсқалар құрастырыңыз.

40. Кешкісін Ипатов пен Абдул пышақпен қорқытып, «Жигули» иесі Құралиевтен автокөлікті беруді талап еткен. Бас тартқан соң Абдул Куралиевтің кеудесіне 2 рет пышақ сұққан. Жарақат алған Құралиевті жол маңында қалдырып, қылмыскерлер оның автокөлігімен ізін суытқан. Қан жоғалтудан Куралиев көз жұмады.

Қылмыс объектісін анықтау үшін ниеттің бағыттылығы маңызды ма?

Кінәлілер тарапынан қандай қоғамдық қатынастар бұзылған? Көп объектілі қылмысқа сипаттама беріңіз.

Айыпкерлердің әрекеттерін саралаңыз.

41. Усманованың пәтерінде оның ұлы достарымен Жаңа Жылды қарсы алады. Мереке барысында Усманова Оспанованың қолындағы әдемі жүзікке назар аударады. Усманованың жүзік жайлы сауалына жүзікті оған күйеуі үйленген кезде сыйға тартқанын және жүзіктің 200.000 теңге тұратындығын айтады. Келесі күні таңертең пәтерді жинау барысында Усманова диван астынан сол жүзікті тауып алады, алайда оны иесіне қайтармайды.

Усманованың жауапкершілігі туралы мәселені шешіңіз.

42. Федоров кентінің тұрғыны Абжанов кәмелетке толмаған Қабанов, Кривогузов және Құрманов жасаған ұрлық туралы біле тұра олардан ұрланған заттарды төмен бағамен сатып алып отырған. Сөйтіп, балалар әр уақытта әр түрлі пәтерден ұрлаған заттарының жалпы сомасы 700.000 теңгеге жеткен. Абжанов әрбір ұрлықтан кейін балалармен «отырыс» жасап, оларға келесі жолға «тапсырыстар» беріп отырған.

Абжановтың іс-әрекеттерінде белгілері бар қылмыс құрамына талдау жасаңыз.

43. Дмитриев, Ключев және Ключева ауыл шаруашылығы кәсіпорнына тиесілі алқаптан кәсіпорын жұмысшылары картопты жинағаннан кейін қалған картоп масағын жинаған. Үйге келе жатып оларды полиция қызметкерлері ұстаған.

Аталған адамдардың іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.

ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ПЕН ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПКЕ ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ САРАЛАУ

1. Титов басқарған террористік ұйым саяси талаптар қойып, кепілге 15 адам алады. Кепілге алынған адамдар тобына Дотов басшылық етіп, Жуков қатардағы орындаушы болады. Олардың барлығында атыс қарулары болған. алып жүр. Кепілге алынғандарды босату үшін олар ұсталған ғимаратқа шабуыл жасау жайлы шешім қабылданады. Шабуылдау кезінде полиция қызметкерлері қаруынан кепілде болған 2 адам қаза табады. Қалған кепілдегі адамдар босатылады. Террористер қолдарында қарулары бола тұра оны қолдануға үлгере алмай қалады. Титов, Жуков пен Дотов тірі қалады.

Титов, Жутков және Дотовтың әрекеттерін саралаңыз.

Талқылауға өзге де нұсқалар құрастырыңыз.

2. Хасенов мас күйінде көшеде бейтаныс әйелдің өзімен бірге қыдыруын талап етіп, тиіскен. Әйел одан бас тартады. Сол кезде ол әйелге бейпілауыз сөздер айтқан. Жанына келген полиция қызметкері өзімен бірге бөлімшеге жүруін талап еткен кезде Хасенов оның бетінен ұрып құлатады. Жетіп үлгерген басқа полиция қызметкерлері Хасеновты ұстайды.

Хасеновтың әрекеттеріне баға беріңіз.

Талқылауға өзге де нұсқалар құрастырыңыз.

3. Панкратов пен Миронов ақша иемдену мақсатында инкассаторлық машинаға қарақшылық шабуыл жасамақ болады. Жоспар құрып, АК-47 автоматын және Ф-1 екі гранатасын заңсыз сатып алады.

Жоспарға сәйкес Миронов пен Панкратов инкассаторлық машинаға шартты жерде шабуыл жасауға дайын тұрады. Инкассаторлық машина бағытының өзгеруі нәтижесінде шабуыл жасай алмай қалады.

Панкратов пен Мироновтың жауапкершілігі туралы мәселе қалай шешілуі тиіс?

Талқылауға өзге де нұсқалар құрастырыңыз.

4. Истомин Демидовтан шағын калибрлі мылтық сатып алып, одан шолақ мылтық жасап, өзінен бөлек үш адамнан - Зайцев, Кравченко және Уваровтан тұратын топ құрады. Бірнеше ай бойы топ көрші облыстардың аудандарында дүкендер мен жеке азаматтарды тонап, шабуыл жасаған. Шабуыл мен тонау үшін шолақ мылтықтан бөлек Пузиковқа тиесілі автокөлік пайдаланылады. Топ мүшелеріне Костин мен Васина қол ұштарын ұсынып, баспана беріп, ұрланған заттарды тығуға көмектеседі. Мылтықты сатқан Демидов банда тобының ұйымдастырылып жатқаны туралы да білген.

Кінәлі тұлғалардың әрекеттерін саралау.

Қатысушылардың қатысу нысаны мен түрлерін анықтаңыз.

Талқылауға өзге де нұсқалар құрастырыңыз.

5. Поповқа Алексеев пен Зорин келіп, оның өздеріне қарақшылық шабуыл жасау үшін қажетті қару тауып беруін өтінеді. Попов өзінің достарынан Наган жүйесінің екі жауынгерлік патроны мен револьверін алып, береді. Бұл үшін олар Поповты арақпен сыйлап, қылмыс жасағаннан кейін оған ақша беруге уәде береді. Келесі күні Алексеев пен Зорин «Аяжан» дүкенінің қызметкерлеріне қарақшылық шабуыл жасап, 50.000 теңге алып кеткен.

Кінәлі тұлғалардың әрекеттерін саралау.

Поповты Алексеев пен Зорин жасаған қарақшылық шабуылдың сыбайласы деп тануға бола ма?

Қатысудың объективті және субъективті белгілерін атаңыз.

6. Мас күйінде зейнеткер Заболотов Қарағанды қаласының ПБ кезекші бөліміне қоңырау шалып, егер Үкімет 2 сағат ішінде зейнетақыны екі есе өсіру туралы хабарламайтын болса № 97 гимназияны жарып жіберетінін және ол жерге жарылғыш зат қойғанын хабарлайды. Алайда, Заболотовтың өзі айтқан сөздерін іске асыруға мүмкіндігі де, ниеті де болмаған.

Заболотовтың әрекеттерін саралаңыз.

Талқылауға өзге де нұсқалар құрастырыңыз.

7. Уваров «Аврам» автотұрағында күзетші болып жұмыс істеп жүріп, мас күйінде жол бойында орналасқан жарық беретін аспа шамдарға тапаншадан оқ атқан.

Уваровтың әрекеттеріне анықтама беріңіз.

Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.

8. 5 ай бойы Людоев, Эзеев және Морозин 8 рет адам өміріне қол сұғумен байланысты қылмыстар жасаған. Оның ішінде 4-уі аса қатыгездікпен адам өлтіру, біреуі адам өлтіруге оқталу және қарақшылық шабуылдармен

ұштасқан адам өлтіруге оқталу (3 эпизод). Барлық жағдайларда олар бір схема бойынша әрекет еткен. Топта көшбасшы болған жоқ. Эзеев жоспарлар жасап, ақша сақтап, қару-жарақ пен оқ-дәрі сатып алып отырған. Шабуыл кезінде басшылық жасау қажет болған жағдайда бұл рөлді Морожин атқарып отырған. Ұрланған заттар бөлінбеген, қажет болған жағдайда бірге жұмсап отырған. Эзеевтің жұбайы олардың қылмыстық іс-әрекеттері туралы біліп, жүйелі түрде ұрланған заттарды сатумен айналысқан.

Жасалған әрекеттің құқықтық сипаттамасын беріңіз.

9. Мамонтов шағын калибрлі тапанша бөлшектерін ұолап, жетіспейтіндерін қолдан жасап, атуға жарамды қаруды көршісіне сатып жібереді.

Мамонтовтың әрекеттеріне анықтама беріңіз.

Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.

10. Өз үйінде аңшы мылтығын сақтаған Вуалиев одан шолақ қару жасайды. Оған келген Зубарев сол шолақ мылтықты ұрлап кетеді.

Жауапкершілік туралы мәселені шешіп, кінәлілердің әрекеттерін анықтаңыз.

Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.

11. Прохоров өзінің үйіндегі құрастырылған сейфте тапанша сақтаған. Оның ұлы тапаншаны кездейсоқ тауып алып, қарап отырған сәтте атып жібереді де кішкентай қарындасын жарақаттайды.

Кінәлілердің әрекеттерін анықтаңыз.

Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.

12. Яковлев, Кудрявцев және Махмутов қылмысты ұйымдастырушы Яковлев жасаған жоспар бойынша адам ұрлауды ұйымдастырып, олар үшін 10 000 000 теңге көлемінде ақша талап еткен.

Жауапкершілік туралы мәселені шешіп, кінәлілердің әрекеттерін анықтаңыз.

Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.

13. Шолақ мылтықпен қаруланған Иванов, Сәрсембаев және олармен бірге кәмелетке томаған екі жеткіншек күндізгі мезгілде дүкендерге, ал түн ішінде азаматтарға шабуыл жасаған.

Жауапкершілік туралы мәселені шешіп, кінәлілердің әрекеттерін анықтаңыз.

Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.

14. Кеден бақылауы кезінде Сүреновтың қол жүгінен жалпы құны 300 000 теңге болатын нашақорлық заттар мен бір атылатын қару табылған.

Жауапкершілік туралы мәселені шешіп, кінәлінің әрекеттерін анықтаңыз.

Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.

15. Мақсұтов, Яковлев және Игнатъев өздерімен бірге тағы бес адамды жинап, кешкі мезгілде дүкендердің үлкен терезелерін, автомобильдердің шыныларын сындырған. Полиция қызметкері ескерту жасағанда Мақсұтов пен Яковлев оны ұрып-соғып қашып кеткен.

Жауапкершілік туралы мәселені шешіп, кінәлілердің әрекеттерін анықтаңыз.

Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.

16. Нұра өзенінен төрт адамның мүрдесі табылады. Кісі өлімін тергеу барысында күдікті үш адам ұсталды. Олардың ұйымдастырушысы бұрын сотты болған Суриков, ал қалған екеуі сотталмаған. Кісі өлтірудің технологиясын және қылмыс жасауды ұйымдастырушының өзі ойластырып, болашақ «жемтіктерін» базардан таңдаған. Оларға көтерме сатуға тауар ұсынады да тауар үшін есеп айырысуды бір фирманың офисінде жүргізуді белгілейді. Адамдарды иесіз аумақтағы кішкене вагоншаға шақырып, онда оларға тұзақ салып буындырады. Ал тауарлар мен ақшаны өзара тең бөліскен.

Жауапкершілік туралы мәселені шешіп, кінәлілердің әрекеттерін анықтаңыз.

Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.

17. Қыдырбаев, Семенов, Рахметов кешке шахтадан қайтып келе жатып, бір топ студенттердің бұзақылық шабуылына ұшырап, оларға жеңіл түрде дене жарақаттары келтіріледі. Бұған ашулары келген олар шахтадағы достарын жинай бастайды, содан кейінтаяқ пен шыбықтармен қаруланған тобыр студенттер тұратын жатақхана жаққа барып, сол жерде студенттерді соққыға жығып, бөлмелерін талқандап, өрт қояды. Қылмыстық құқық бұзушылық бойынша оқиға орнына келген жол-патрульдік полиция жасағы (5 полиция қызметкері) тәртіп орната алмай, өздері соққыға жығылады. Қыдырбаев, Семенов және басқалары студенттер мен полиция қызметкерлеріне күш көрсетуге белсенді қатысуға үгіттеп тұрады. зорлыққа белсенді қатысуға шақырды. Осы жаппай төбелес кезінде полиция қызметкерлерінің біріне ауырлығы орташа дәрежедегі зиян, ал бес студентке ауыр зиян келтірілген. Бұл оқиғаға 20-дан астам адам қатысты, осы оқиғаның салдарынан көлік қозғалысы тежеліп, полиция қызметкерлерінің 2 арнайы автокөлігі бүлінген.

Жауапкершілік туралы мәселені шешіп, кінәлі тұлғалардың әрекеттерін саралаңыз.

Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.

ЕСІРТКІ ЗАТТАРЫ, ПСИХОТРОПТЫҚ ЗАТТАР ЖӘНЕ СОЛ ТЕКТЕСТЕРМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ САРАЛАУ

1. Жарков пен Володин өзінің танысы Ивлевке келіп, өзерімен бірге алып келген апиыннан ацитилденген апиын жасайды. Жасалған сұйықтықты Жарков пен Володиннің өтініші бойынша Ивлев олардың көктамырларына салады.

Қарағанды қаласы Қазыбек би ауданының № 2 соты Ивлевті есірткі заттарын өткізгені үшін соттайды.

Облыстық соттың қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы Ивлевке қатысты үкімнің бұл бөлігін тоқтатып, өз шешімдерін есірткінің Ивлевке тиесілі еместігімен, ол есірткіні сатпағандығын, тек Жарков пен Володинге есірткі заттарын тұтынуларына жәрдем көрсеткендігімен, бұл қолданыстағы қылмыстық заңнамаға сәйкес қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайтындығымен негіздейді.

Ивлев жасаған әрекетке қатысты апелляциялық сатыдағы сот шешіміне құқықтық баға беріңіз.

2. Тахиров ҚР ҚК-нің 297-бабының 1-бөлігі бойынша 2,5 г марихуана сатып алғаны, сақтағаны және дайындағаны үшін сотталды. Майдаланған марихуанадан екі сигарет гильзасын толықтырған сотталушының іс-әрекетін сот есірткі зат дайындау деп бағалады.

Кінәлі адамның іс-әрекеттері дұрыс сараланды ма?

Темекіден босатылған гильзаны марихуанамен толтыруды есірткі құралын дайындау деп есептеуге бола ма?

3. Малькова мен Салиев Алматы қаласында тұратын және жаза атқару мекемесінде ерікті жалдамалы лауазымда істеуші Конов пен Прониннің атына бандерольмен және посылкалармен гашиш жіберіп отырған. Конов пен Пронин оларды мекеменің өндіріс объектісіне апарып, сотталған Еремін мен Фуфаевқа беріп отырған. Ал олар гашишті тікелей өздері немесе басқа сотталғандар арқылы сатып отырған.

Аталған адамдардың қылмыстық жауапкершілігі туралы мәселені шешіп, олардың әрқайсысының жасаған әрекетін саралаңыз.

Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.

4. Вязина фармацевтикалық кәсіпорынның тазалаушысы болып жұмыс істеп жүріп, сол кәсіпорыннан 400 г есірткі затын – марихуанна ұрлап, Зарьяноваға сатуға берген. Үш айдан кейін Вязина тағы да кәсіпорыннан 300 г сол есірткі құралын ұрлап, оны Зарьяноваға беріп, ол есірткі затын өз кезегінде Костинаға сатқан.

Вязина, Зарьянова мен Костинаның қылмыстық жауапкершілігі туралы мәселені шешіңіз.

Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.

5. Бұрын есірткі заттарын ұрлағаны үшін сотталған Калмыков кәмелетке толмаған Комаровамен бірге тұрған. Ұзақ уақыт бойы ол Комарованы есірткі заттарымен жүйелі түрде «тамақтандырып келген». Нәтижесінде Комаровада есірткіге тәуелділік туындайды. Комарова есірткі әсерінен мас күйде болған кезде, Қалмыков оны бірнеше рет достарымен жыныстық қатынасқа түсуге мәжбүрлеген. Ал достарынан осы «қызметі» үшін белгілі мөлшерде сыйақы алып отырған.

Калмыковтың әрекетіне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.

Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.

6. Дураев ұзақ уақыт бойы асқазан ауруымен ауырады. Таныстарының ұсынысы бойынша ол асқазан жарасынан арылу және ауырсынудың басылуы үшін апиын көкнәр егісімен айналысады.

Дураевтың жауапкершілігі туралы мәселені шешіңіз.

7. Баранов мен Цыцоев апиын көкнәр өсірумен айналысатын адамдармен танысып, олармен қылмыстық келісімге келеді. 2017 жылғы маусым мен қыркүйек аралығында олар Шу қаласына бірнеше рет келіп әзірленген есірткі заттарын 1 кг 50.000 теңгеден сатып алып, 100 000 теңгеден сатып отырған. Екі килограмм есірткіні олар Шу қаласынан Қарағандыға өздерінің таныстары - Шамашевтар отбасының мекен-жайына жолдап, посылканы алғандары үшін оларға 20 мың теңге төлеген.

Баранов пен Цыцоевтің іс-әрекеттерін қалай саралау керек?

Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.

8. Созылмалы нашақорлықпен ауыратын Омерханов пен Гусаков возал маңайындағы Қарағанды-Пассажирская ауданында тұратын Лиден жүйелі түрде анаша сатып алып жүрген. Іс бойынша алдын ала тергеу кезінде сараптама қорытындысы бойынша Ли оларға сыртқы түрі мен исі анашаға ұқсайтын өзі дайындаған кептірілген шөптерді сатып жүргендігі анықталады. Сараптама нәтижелері сондай-ақ, өз қасиеттері бойынша бұл шөптердің денсаулыққа зиян келтірмейтіндігі және есірткі болып табылмайтындығы белгілі болған.

Осы жағдай Омерханов пен Гусаковты қылмыстық жауаптылыққа тартуға негіз болып табыла ма?

Лидің әрекетіне де қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.

9. Онкологиялық аурухананың аға медбикесі Зверева науқастарға инъекцияға арналған есірткіні ауру адамдарға салу барысында оның мөлшерін азайтып салып жүрген. Үнемдеуден қалған есірткі заттарын Зверева иемденіп, кейіннен оны сатып отырған.

Звереваның әрекетіне құқықтық баға беріңіз.

10. Хохлов ірі көлемде есірткі затын сақтағаны үшін ұсталады. Полиция қызметкері Хожамед оған Қазақстан Республикасы ҚК 67-бабы

негізінде процестік келісім талаптарын орындаған жағдайда қылмыстық жауапкершіліктен босатуға уәде береді. Хожахмедтің тапсырмасы бойынша Хохлов жатақханадағы көршісі Дудкинге 2 мың теңге беріп, есірткі сатып алуын сұрайды. Сол ақшаға Дудкин 4 дана орташа көлемдегі, бір реттік пайдаланылатын есірткі сатып алады. Есірткінің 2 -ін өзі пайдаланып, ал қалған 2-ін Хохловқа беріп жатқан сәтте есірткі сатқаны үшін ұсталады.

Жасалған іс-әрекетке құқықтық баға беріңіз.

11. Азамат Озеровтың жеке меншік үйінен кеппеген салмағы 500гр марихуана табылған.

Озеров қылмыстық жауапқа тартыла ма?

ҚР ҚК-ң 296-б. сипаттама беріңіз.

12. Кудаяров өзінің он бес жасар көршісі Тахирға Қарағанды қаласының бір шетінде тұратын жолдасы Елубаевтан дәрі әкеп беруін сұрайды. Тахир үйіне маршруттік таксимен келе жатқанда оны полиция қызметкерлері ұстайды. Бұл оралған заттың ішінен салмағы 200 грамм гашиш есірткі заты алынған.

Кудаяров әрекетінде қылмыс белгілерінің құрамы бар ма? Егер болса, онда оның әрекетін саралаңыз.

Тахир мен Елубаевтің әрекеттеріне қылмыстық - құқықтық баға беріңіз.

13. Максимов есірткі затын сатумен айналысқан. Есірткі заты бітіп қалған себептен ол Токарев пен Сергеевке төрт пакет ақ порошок сатады. Соттық - химиялық сараптама қорытындысы бойынша, Токарев пен Сергеевтен алынған пакетте қант құмы болған.

Токарев пен Сергеев қылмыстық жауапқа тартыла ма?

Максимовтың әрекетін саралаңыз.

14. Каримов белгісіз біреуден құрамында әлсіз түрдегі есірткі бар дәрі сатып алады. Содан кейін ол химико-фармацевтикалық заводта жұмыс істейтін өзінің танысы Колбаевтан құрамында көп мөлшердегі есірткі заты бар ұнтақ әкеліп беруін сұрайды. Колбаев белгілі мөлшердегі дәріні ұсатып, ұнтақ есірткі жасайды. Тінту жүргізу барысында полиция қызметкерлері тарапынан бұл ұнтақ алынады.

Каримов пен Колбаев әрекетерін саралаңыз.

Қандай әрекеттер жүйкеге әсер ететін есірткі заттар мен психотроптық заттарды өңдеу белгілеріне жатады?

15. Кузьмин бақшасында өсіп тұрған есірткі шөпті орып, үйінің шатырында оны кептіреді. Нашаны кептіріп, оны полиэтилен қапшықтарға бөліп салады. Содан кейін 17 жасар Махмудовты есірткі тартуға бейімдеу үшін оған, 10 грамм «гашиш» есірткісін сыйға тартады. «Гашишті» қалай

шегетінін, одан қандай әсем әсер алатынын көрсетеді. Махмудов оны пайдаланбай лақтырып жібереді.

Кузьминнің әрекеттерін саралаңыз.

Махмудов қылмыстық жауапкершілікке жата ма?

Кәмелетке толмағанды есірткі құралдарын медициналық емес пайдалануға тартудың (ҚК-нің 133-бабы 1-бөлігі) көрінеу кәмелетке толмаған адамды есірткі құралдарын немесе психотроптық заттарды тұтынуға көндіруден айырмашылығы неде (ҚК-нің 299-бабы 3-бөлігінің 1-тармағы)?

16. Аудандық нашақорлық диспансерде «нашақор» деген диагнозбен тіркеуде тұрған Щеткин дәріханаға кіреді. Ол дәріхана сатушысы Самсонованы қорқытып, одан есірткі талап етеді. Есірткіні алған соң ол Самсонованы ұрып, оқиға болған жерден қашып кетеді. Нәтижесінде Самсонованың денсаулығына ауыр зиян келтіріледі.

Щеткиннің әрекетін саралаңыз.

Жүйкеге әсер ететін психотроптық заттар мен есірткі заттарды ұрлаудың қорқытып алушылықтан айырмашылығы неде?

Талдау түрлерін құрастырыңыз.

17. Еш жерде жұмыс істемейтін 3-ші топ мүгедегі Ларинов қала шетіндегі қараусыз қалған саяжай үйшігін жөндеп алады. Үйді қажетті жиһаздармен жабдықтайды. Содан соң ол үйді жүйелі түрде, ақылы негізде жасөспірім балаларға беріп тұрған. Балалар ол жерде «толуол» искеп, есеңгірететін дәрілік заттар қабылдаумен айналысқан.

Ларинов әрекеттерінде қандай қылмыс құрамы бар?

Есірткі немесе психотроптық заттарды тұтыну үшін притондар ұйымдастыру немесе ұстау (ҚК-нің 302-бабы) мен дәрілік немесе басқа да заттарды пайдалана отырып есеңгірету үшін притондар ұйымдастыру немесе ұстау (ҚК-нің 310-бабы) арасындағы айырмашылық неде?

КӨЛІКТЕГІ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ САРАЛАУ

1. Павлов пен Сергеев екеуі Сергеевтің пәтерінде оның туған күнін атап жатады. Павлов өзінің «Мазда» автокөлігін Сергеевтің подъезінің алдын қояды. Туған күнін мерекелеу барысында Павлов мен Сергеев екеуі де мас болғандықтан жатып қалады. Павлов ұйықтап қалған соң Сергеев Павловтың «Мазда» автокөлігінің кілтін алып, қалада серуендеп қайтпақ болып шығады. Жолда келе жатып жаяу жүргіншіні Ибраевты қағып кетіп, нәтижесінде Ибраевтың денсаулығына ауыр зиян келтіреді.

Павлов пен Сергеев қылмыстық жауапкершілікке жата ма?

Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.

2. «Газель» маркалы маршруттық таксидің жүргізушісі Түсіпов көпірдің үстінде тиісті шамадан асатын жылдамдықпен келе жатып, жолдың шұңқыр және ойқы-шойқы жерлерін айналып өту мақсатында қарама-қарсы бағытқа шығып кетеді. Соның салдарынан Тихонов деген азаматтың басқаруындағы «Мерседес» автокөлігімен соқтығысып, Тихоновтың денсаулығына ауыр зиян келтіріледі.

Түсіповтің іс-әрекеттеріне қылмыстық құқықтық баға беріңіз.

3. Көлік жүргізушісі Кустиков қозғалыс қауіпсіздігі ережелерін бұза отырып, жүк автомобилінің кузовына алты жолаушыны отырғызып алып, қалаға жол тартады. Жолда машина құламаның астына түсіп кетеді. Барлық жолаушылар дене жарақатын алған, ал олардың біреуі сол жерде қайтыс болған. Автотехникалық сараптаманың қорытындысы апат рульдік механизмде жасырын ақау болып, ол күтпеген жерден рульдің сыналанып қалуына және автокөліктің аударылып қалуына әкеп соққандығын анықтайды.

Кінәлінің әрекеттерін саралаңыз.

Жүргізуші Кустиков жол берген автокөлік қозғалысының қауіпсіздік ережелерін бұзу жағдайы орын алған зардаптармен байланысты ма?

Себептік байланыстың түрлерін атаңыз.

4. Алиев шіркеу ауданында Спасск тас жолынан өтіп бара жатады. Осы кезде Түсіпов те жол қозғалысы ережелерін сақтай отырып, Спасск тас жолында келе жатады. Түсіпов жұмысқа асыққандықтан, жолды белгіленбеген жерге өтіп келе жатқан Әлиевті байқамай қалады. Түсіпов басып кетуді болдырмау мақсатында оңға бұрылып, жол жиегінде тұрған шөп тиелген ГАЗ 53 автокөлігімен соқтығысқан. Соққыдан Түсіпов есінен танып қалады. Әлиев жедел жәрдем шақыру мақсатында автостанцияға жүгіреді.

Түсіпов қылмыстық жауапкершілікке жата ма?

Әлиевтің әрекетіне баға беріңіз.

5. Жамалов рұқсат етілген жылдамдық көрсеткішін арттыра отырып көше қиылысынан өтіп бара жатады. Күтпеген жерден көліктен 2 метр қашықтықтан бір бала жүгіріп шығады. Жамалов көлікті бірден тоқтатқанымен жол-көлік оқиғасының алдын ала алмады, жәбірленуші алған жарақаттан бірден көз жұмады. Автотехникалық сараптаманың қорытындысы бойынша Жамалов жүріп келе жатқан жылдамдық жағдайында оқиғаның алдын алудың техникалық мүмкіндігі болмағаны анықталды.

Кінәлінің әрекеттерін саралаңыз.

Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының объективті жағының факультативтік белгілерін атаңыз.

6. Поезд вагонында азық-түлік тағамдарын сатып жүрген Осепчук кезекті станцияда вагоннан шығып үлгермей қалады. Ол поездың сағатына 40 км жылдамдықпен бара жатқанына қарамастан жедел тоқтату қранын басып, поезды тоқтатады. Кенет тоқтату нәтижесінде 18 жолаушының денсаулығына ауыр зиян келтіріледі.

Осепчуктың әрекетінде қылмыстың құрамы бар ма?

7. Алматыға бағытталған Ту-154 самолетін басқарып келе жатқан пилот Ефремов оң жақ двигательдің ақауын байқап самолетті Балқаш аэропортына өздігінен қондырады. Осының нәтижесінде басқа ұшақтың ұшуы кейінге шегіндіріледі.

Ефремов қылмыстық жауапкершілікке тартылуы тиіс пе?

Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.

8. Ж. Боранбаев қаланың сыртына шыққаннан кейін баласы Арманға автокөлікті үйрету мақсатымен рульді береді. Соңғысы автокөлікті басқара алмай кетіп бара жатқан сиырды қағып кетеді. Нәтижесінде сиырдың аяғы сынып, ал Ж. Боранбаев орташа дәрежедегі жарақат алады.

Ж. Боранбаевтың әрекетінде қылмыс құрамы бар ма?

Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.

9. Қатты мас күйінде ГАЗ-3110 автомашинасын жүргізіп келе жатқан Юнусов бірнеше рет қарсы жолға шығып кетіп отырады. Осы сәтте қарама-қарсы жақтан үш жолаушысы бар Беляков жүргізіп келе жатқан УАЗ маркалі автомашинасы да келе жатады. Қарсы келе жатқан автомашинаға жақындай келе Юнусов қайтадан қарсы жолға шығып кетеді. Беляков қағылып қалудың алдын алу мақсатында көлік рөлін солға қарай, ал Юнусов рөлін өз жолына қарай бұрады. Соғылысу салдарында УАЗ автомашинасы жол шетіне аударылып, УАЗ автомашинасының екі жолаушысының денсаулығына орташа дәрежедегі зиян келтіріліп, ал бір жолаушы оқиға болған жерде алған жарақаттардан қайтыс болады.

Әрқайсының жауапкершілігі туралы сұрақтарды шешіңіздер және кінәлілердің іс-әрекеттеріне сипаттама беріңіз.

Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.

10. «Горводоканал»-дың бригадасы су жүргізетін магистраль трубаларды жөндеу барысында жөнделуі қажет аумақты қоршап қояды. Жөндеу барысында қоршалған аумақтан тыс жерде жатқан канализациялық люкті қарау қажет екендігі анықталды. Жөндеуші Ахметов алдын ала ескерту жасайтын жол жөндеудегі белгіні көшірмей, канализациялық люкті ашып, оны қарауға кіріседі. Осы кезде сол жолдың бойымен Ефремовтың жүргізуімен маршруттық такси келе жатады. Жер астынан кенет пайда болған Ахметовты басып кетпеу мақсатымен, Ефремов көліктің тежеуішін басып, жол шетіне қарай рульді бұрып жібереді. Нәтижесінде маршруттық

таксидегі жолаушылардың денсаулығына орташа дәрежедегі зиян келтіріледі.

Әрқайсының жауапкершіліктері туралы сұрақтарды шешіңіздер және кінәлілердің іс-әрекеттеріне сипаттама беріңіз.

11. Мұнаймен толтырылған танкерде өрт басталады. Абыржуға салынған кеменің экипажы құтқаратын шлюпканы түсірместен, борт сыртына секіріп түсе бастайды. Қатар өтіп бара жатқан танкердегі түтінді көріп, серуендеу катерімен бортында бір топ туристері бар Арапетян басқарған кеме өрт шыққан танкер кез келген уақытта жарылып кетуі мүмкін деп жорамалдап, апат жағдайы болып жатқан танкердің экипажына көмек көрсетпестен өз катерін қауіпсіз жерге бағыттайды.

Арапетян мен кеме экипажының әрекеттеріне құқықтық баға беріңіз?

12. Куриловский жыл сайын жазғы маусымда қалалық саябақта тракторға ұқсайтын көлік құралын басқара отырып, балаларды арбамен тасымалдаумен айналысады. Кештердің бірінде ол бұрынғы майдандас досы Немцовты кездестіріп қалып, Немцов кездесуді «атап өтуді» ұсынады. Спирттік ішімдікке масайған Куриловский Немцовтан парктің аумағында оны арбаға салып қыдыртуын сұрайды. Немцов ұсынысты қабылдап, көлікке отырып, бұрыла бергенде Стремилвананы қағып кетеді. Денсаулыққа келтірілген зиян нәтижесінде Стремилова 47 тәулік бойы стационарлық емделуде болады.

Куриловский мен Немцовтың әрекеттерін саралаңыз.

Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ САРАЛАУ

1. Күдіктілер ретінде ұсталғандардың ата-аналары Бородин, Онисько, Журавлев, Латыпов және Чепуштанов тергеушіге балаларын қылмыстық жауапкершіліктен босатқаны үшін пара беруге келісті. Бородин мен Журавлев заң консультациясының меңгерушісі Денисоваға келіп, ұлдарын қылмыстық жауапкершіліктен босату үшін тергеушіге кез келген мөлшерде сыйақы беруге дайын екендіктерін айтып, Денисованың тергеушіні келісімге көндіріп берулерін өтінеді. Денисова күдіктілердің ата-аналарының ұсынысын тергеуші Атиевке жеткізіп, тергеуші қылмыстық істі қысқарту туралы қаулы шығаруға келісімін береді. Бородиннен 350.000 теңге алған Денисова бұл сомадан 250.000 теңгені ғана Атиевке берген, ал қалған 100 мың теңгені өзі иемденген.

Осы адамдардың әрекеттеріне құқықтық баға беріңіз.

Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.

2. Киселев Сарань қаласының ІІБ криминалист-маман болып жұмыс істей жүріп, 15.000 теңге көлемінде пара алып, оны сол бөлімнің автотехникалық сарапшысы Русовқа беруі керек болады. Бұған дейін қол жеткізілген келісімге сәйкес бұл қаражат жол-көлік оқиғасы бойынша автотехникалық сараптаманы жол-көлік оқиғасының қатысушысы болып табылатын Крюковтың мүддесіне шешкені үшін берілуге тиіс еді. Алайда, Русов өзіне байланысты емес мән-жайлар себебінен параны алған жоқ.

Әрекетке құқықтық баға беріңіз.

Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.

3. КІБ жедел уәкілі Сарматов пен сол күні кезекшілікте болмаған полиция жүргізушісі Винокуров қоғамдық тәртіпті бұзғаны үшін ұсталған Мажитовты ешбір негізсіз ұрып-соққан. Олар билікті асыра пайдаланғаны үшін сотталады. Винокуров апелляциялық шағымында сол сәтте өзінің полиция қызметкері емес, жеке адам ретінде әрекет еткенін және билікті асыра пайдаланғаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылмау қажеттігін, тек жәбірленушінің денсаулығына жеңіл зиян келтіргені үшін ғана жауапкершілікке тартылуы мүмкін екендігін алға тартады.

Кінәлілердің әрекеттері дұрыс бағаланған ба?

Сарматов пен Винокуровтың іс-әрекеттерін саралау туралы мәселені шешіңіз.

4. Нәбиев қалта ұрлығы үшін полиция қызметкерлерімен ұсталған Тәжиев пен Ахмедовты қамаудан босату үшін тергеушіге 100.000 теңге көлемінде пара бергені үшін кінәлі деп танылады. Нәбиев бұл ақшаны Тәжиев пен Ахмедовтың туыстарынан алған. Тергеуші аталған адамдарды қамаудан босатпаған соң олардың туыстары Нәбиевтен ақшаны кері қайтаруын талап ете бастаған кезде Нәбиев прокурорға барып, тергеушіге пара бергені туралы мәлімдейді.

Нәбиев пен тергеушінің әрекеттерін саралаңыз.

Тәжиев пен Ахмедовтың туыстарының жауапкершілігі туралы мәселені шешіңіз.

5. Теміртау қаласы бойынша СК-нің салықтық емес аудит секторының меңгерушісі А. О. Кумбаев билік өкілінің функцияларына ие болып, сондай-ақ ұйымдастыру-өкімдік және әкімшілік-шаруашылық функцияларды жүзеге асырады. Ол жеке кәсіпкер Н. Пенкиннің дүкенін тексеру барысындағы актіге оның ҚР әкімшілік кодексінің 165-бабының 2-тармағына сәйкес салық заңнамасын бұзғаны үшін 20 АЕК мөлшерінде (45380 теңге) айыппұл салу туралы алдын ала қол қойып, Н. Пенкінді шақырып алып, тексеру барысында табылған кемшіліктерді көрсетпей көрінеу жалған тексеру актісін 30.000 теңгеге жасап бере алатындығын айтады. Н. Пенкин бұл ұсынысқа келіседі. Содан кейін А. О. Кумбаев өзінің қарамағындағы В.Барковты шақырып, Н. Пенкиннің тексеру актісін қайтадан көшіруге нұсқау беріп, оған дүкенді тексеру кезінде бұзушылықтардың жоқтығы туралы көрінеу жалған

мәліметтер енгізеді. Сөйтіп А.О. Кумбаев Н. Пенкиннен 30.000 теңге көлемінде ақша алып, оны әкімшілік жауапкершіліктен босатады.

В. Барковтың әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілері бар ма? Шешіміңізді негіздеңіз.

А. О. Кумбаевтың әрекеттерін саралаңыз.

6. Бұқар жырау АПБ Тельман ПБ бастығының орынбасары Құсаев «Қазақтелеком» АҚ-ға тиесілі 85000 теңгені құрайтын 500 метр кабельді ұрлау фактісі бойынша Ново-Узенка кентінде бұрын сотты болған Фетисовты ұстап, оны Тельман ПБ-не алып келеді. Құсаев қылмысты ашу пайызын көтеру мақсатында Фетисовты 4 тәулік ұстап, түнгі уақытта өз кабинетінде қондырып, ал күндізгі уақытта оны өз үйіне әкетіп, оған қар тазалатып, түрлі жұмыстарды атқартады. Құсаев Фетисовқа егер кабельді ұрлағанын мойындамаса ұратындығын айтып үнемі қорқытқан. Тұрақты қысымның нәтижесінде Фетисов өзінің кабельді ұрлау фактісі бойынша түсініктеме береді. Онан кейін жедел уәкіл Сембаев өз кабинетінде Фетисовтан мыс сымдар мен қаңылтыр броньды алу және өлшеу актісін жасап және оған Ново-Узенка кентінің тұрғындары Шәкенов пен Досяктың куә ретінде қатысқандығын көрсетіп, олардың қолдарын өзі қояды. Бұдан әрі кабельді ұрлау қылмысының ашылғандығы туралы баянат жазып, материалды тергеу бөліміне жібереді. Тергеуші Сыздықов СДТБТ осы фактіні Фетисовке қатысты ҚР ҚК 188-бабының 2-бөлігі бойынша тіркеп, қамау түріндегі бұлтартпау шарасын тағайындайды.

Құсаев пен Сембаевтың әрекеттеріне құқықтық баға беріңіз.

Тергеуші Сыздықовты қылмыстық жауапкершілікке тартуға негіз бар ма?

7. Қарағанды қаласы ПБ ЖПБ полицейі полиция сержанты Бурков қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша қызмет атқару кезінде өзінің патрульдік учаскесінде мас күйінде Жуков деген азаматты ұстайды. Куәгерлердің қатысуынсыз оны тексеріп, қалтасынан қоңыр түсті майлы сұйықтығы бар медициналық шприцті алады. Содан кейін медициналық айықтырғышқа жеткіземін және есірткі заттарын сақтау фактісі бойынша қылмыстық іс қозғаймыз деп қорқытып, материалды ресімдемегені үшін 30.000 теңге ақша беруді талап етеді. Жуков оған келіседі.

Одан әрі Бурков үш күн бойы Жуковтың жұмыс орнына келіп, оған 30000 теңге көлемінде ақша беруді талап еткен, нәтижесінде Жуков аталған соманы беруге мәжбүр болған.

Бурковтың іс-әрекеттерінде қандай да бір қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілері бар ма?

Жуков қылмыстық жауапкершілікке жата ма?

8. Жаңа-Майқұдық ПБ тергеушісінің көмекшісі Кабулова кінәлі Перовтың анасына өзін сол кезде ауруханада жатқан Жаңа-Майқұдық ПБ-нің тергеушісі Саденовамын деп таныстырады. Перованың іс бойынша қорғаушы

ретінде танылуы үшін және қамауда отырған Перовпен кездесуге рұқсат беруі үшін Кабулова Перовадан 30 мың теңге мөлшерінде ақша беруді талап етеді.

Кабулованың іс-әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамының бар-жоғын анықтаңыз?

Болған жағдайда, Кабулованың әрекеттерінде белгілері бар қылмыстық құқық бұзушылық құрамына талдау жасаңыз.

9. «Су» АҚ Бас директорының орынбасары Иманов бас директордың тапсырмасы бойынша мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша инспекторы Булгиговқа зейнетақы қорына ақша қаражатын аудармау фактілері бойынша қылмыстық іс қозғатпау мақсатында Булгиговтың қызметтік кабинетінде бухгалтерлік құжаттарды алу кезінде оған 1000 АҚШ доллары сомасындағы ақша салынған конвертті және олардың кәсіпорындарын тексеру фактілерін тоқтату туралы өтініші жазылған қағазды ұсынады.

Бас директордың және оның орынбасарының іс-әрекетін саралаңыз.

Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.

10. Қарағанды қаласы ІІБ Михайлов ІІБ тергеушісі полиция лейтенанты Калькин «Алаутрансгаз» ААҚ аумағынан металл ұрлау фактісі бойынша тергеуге дейінгі тексеру материалдарын қарау кезінде азамат Ю.Н.Лавренюктің әрекеттерінде қылмыс құрамының болмауына байланысты қылмыстық қудалауды тоқтату туралы шешім шығарады. Содан кейін заңнамада белгіленген тәртіппен Қазыбек би аудандық прокуратурасына істі тоқтату туралы материалды жібереді. Калькин қабылданған шешім туралы Лавренюкке айтпай, оның тұрғылықты жеріне барып, Лавренюкке істің оң шешілуі, яғни қылмыстық қудалауды тоқтату туралы қаулыны шығаратындығы үшін 30000 теңге көлемінде ақша беруді талап етеді. Ю.Н. Лавренюк өз келісімін беруге мәжбүр болып, екі күннен кейін «Амспир» казиносы алаңында Лавренюк Калькинге 30000 теңге ақша береді.

Калькиннің әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылықтың қандай құрамы бар екенін анықтаңыз?

Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.

11. Қарағанды қ.Совет АӘК әскери комиссарының м. а. Қарағанды қ. Совет АӘК әскери комиссарының орынбасары - 1-ші бөлімше бастығы, подполковник Қойлыбеков Латвияға тұрақты тұруға кетуіне байланысты әскери билетті жедел қалпына келтіргені үшін Вороновтан 250 АҚШ долларын беруін ұсынады. Белгіленген уақытта Қойлыбеков өзінің қызметтік кабинетінде азамат Вороновтан 100 АҚШ долларын алып, қалған бөлігін әскери билетті беру кезінде алатындығы жайлы келіседі.

Қойлыбековтың әрекетін саралаңыз.

12. Теміртау қаласы ПБ ЖБО командирі полиция капитаны Умышев Теміртау қалалық сотының қарауылдық бөлмесінде сотталушылар Ионин, Сағитовпен және айдауыл взводының қызметкерлері Бериков және Өміровпен бірге спирттік ішімдіктер ішкен, нәтижесінде ауыр қылмыс жасағаны үшін қамауға алынған Ионин қашып кеткен.

Умышевтің әрекеттерін саралаңыз.

Бериков пен Өміров қылмыстық жауапкершілікке жата ма?

Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.

13. Қарағанды қаласы ПБ ЖПҚ-нің полицейі полиция сержанты Әбдібек белгіленбеген жерде жеке сауда жасау фактісі бойынша шара қабылдамағаны үшін Бекболатовадан 5000 теңге, Песковадан 4000 теңге, Добродькинадан 5000 теңге алады.

Әбдібектің әрекетіне заңдық баға беріңіз.

Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.

14. Қарағанды қаласы ПБ Жаңа-Майқұдық ПБ анықтау бөлімшесінің бастығы, полиция аға лейтенанты Мазибеков өзінің қызметтік жағдайын пайдалана отырып, Қарағанды қаласы ПБ Октябрь аудандық ПБ тергеушісінің Сапишевке қатысты әйел зорлағаны үшін қозғаған қылмыстық іс бойынша оң шешім қабылдауы үшін Сапишевтің тәтесі Байшаловадан 400 АҚШ долларын алады.

Мазибековтың жауапкершілігі туралы мәселені шешіңіз.

Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.

15. Тергеу бөлімі бастығының орынбасары Федятин тергеу әрекеттерін жүргізу барысында куә Ырысқұловты егер ол қажетті айғақтар бермесе, оны уақытша ұстау изоляторының камерасына қамаймын деп қорқытып, оны күртешесінен ұстап, бірнеше рет жұлқылайды. Келесі күні Рыскуловтың әйелімен кездесіп, Федятин оған 100.000 теңге төлейтіндігі туралы қолхат жазып беру қажеттігін, әйтпесе күйеуін отырғызып тастайтындығын айтып талап қояды. Рыскуловтың әйелі қолхат жазып береді. Ақшаны беру кезінде Федятин ұсталады.

Федятиннің іс-әрекетіне құқықтық баға беріңіз.

16. Пәтер ұрлығынан кейін Ябисті полиция қызметкерлері Қожқаров пен Никитин ұстайды. Қылмыстық жауапкершілікті болдырмау үшін Ябис оларға ұрланған ақшаның бір бөлігін ұсынады. Қожқаров пен Никитин ақылдаса отырып, келісіп, 500.000 теңге алады. Ұсталған Ябис босатылады.

Полиция қызметкерлері Қожқаров пен Никитиннің әрекеттерін саралаңыз.

17. Бахтияров тергеу изоляторында бақылаушы болып жұмыс істеп жүріп, кәмелетке толмаған ұлы қамауға алынған Құрмановамен танысады. Құрмановамен әңгімелесу барысында ол өзінің ықпалды таныстары бар

екендігін, қажет болса 1 млн. теңге берген жағдайда Құрманованың кәмелетке толмаған ұлын босатуға көмектесетіндігін бірнеше рет айтады. Мәселені шешу үшін Құрманова Бахтияровқа 1000000 теңге береді. Аз уақыттан соң Бахтияров бұл ақша жеткіліксіз тағы да 500 мың теңге қосу қажеттігін айтқан кезде Құрманова өзінің алданғандығын түсініп, прокуратураға арызданған.

Бахтияровтың әрекетін саралаңыз.

Қылмыстық құқық және криминология кафедрасының отырысында талқыланып, мақұлданды. 2020 жылғы 3 қыркүйектегі № 1 хаттама.